ISSN 1563-0234
eISSN 2663-0397

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ

География сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК

Серия географическая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

JOURNAL

of Geography and Environmental Management

№4 (59)

Алматы
«Қазақ университеті»
2020

ISSN 1563-0234
eISSN 2663-0397

KazNU Science · ҚазҰУ Ғылымы · Наука КазНУ

ХАБАРШЫ

ГЕОГРАФИЯ СЕРИЯСЫ №4 (59) желтоқсан



04.05.2017 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Куәлік №16502-Ж.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ
Нарбаева К.Т., PhD, доцент м.а.
(*Қазақстан*)
e-mail: vestnik.kaznu.geo@gmail.com

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Қалиасқарова З.К., г.ғ.к., доцент – ғылыми редактор (*Қазақстан*)
Шокпарова Д.К., PhD, доцент м.а., ғылыми редактордың орынбасары (*Қазақстан*)
Аскарова М.А., г.ғ.д., профессор м.а. (*Қазақстан*)
Плохих Р.В., г.ғ.д., профессор м.а. (*Қазақстан*)
Бексеитова Р.Т., г.ғ.д., профессор (*Қазақстан*)
Кожаев Д.Т., PhD, аға оқытушы (*Қазақстан*)
Нысанбаева А.С., г.ғ.к., аға оқытушы (*Қазақстан*)
Ивкина Н.И., г.ғ.к., доцент (*Қазақстан*)
Родионова И.А., г.ғ.д., профессор (*Ресей*)
Béla Márkus (Белла Маркус) профессор (*Венгрия*)
Fernandez De Arroyeabe Pablo (Фернандес Де Арройеб Пабло), профессор (*Испания*)
Севастьянов В.В., г.ғ.д., профессор (*Ресей*)
Мазбаев О.Б., г.ғ.д., профессор (*Қазақстан*)
Исанова Г.Т., PhD (*Қазақстан*)
Христиан Опп, профессор (*Германия*)
Эйюп Артвинли, PhD, профессор *(Түркия)*
Каратаев Марат, PhD *(Ұлыбритания)*
Джилили Айбдувайли, г.ғ.д., профессор *(Қытай)*

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ
Ерболқызы С., (*Қазақстан*)

Тақырыптық бағыты: қоршаған орта туралы ғылымдар, география, метеорология, гидрология, туризм, экология, геодезия, картография, геоақпараттық жүйелер, жерді қашықтықтан зондылау.

Жоба менеджері
Гульмира Шаккозова
Телефон: +7 701 724 2911
E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:
Гульмира Бекбердиева
Агила Хасанқызы

Компьютерде беттеген
Айша Калиева

ИБ №14134

Пішімі 60x84 $^{1}/_{8}$. Көлемі 8.7 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс.
Тапсырыс №16304. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2020

1-бөлім

ФИЗИКАЛЫҚ, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ГЕОГРАФИЯ

Section 1

PHYSICAL, ECONOMIC AND SOCIAL GEOGRAPHY

Раздел 1

ФИЗИЧЕСКАЯ, ЭКОНОМИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ ГЕОГРАФИЯ

ҒТАМР 39.01.94 https://doi.org/10.26577/JGEM.2020.v59.i4.01

А.Ж. Тажекова[1*], А.А. Тоқбергенова[2], Қ.Б. Зұлпыхаров[2]

[1]Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Қазақстан, Шымкент қ.
[2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
[*]e-mail: tazhekova@mail.ru

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖЕРЛЕРІНІҢ САПАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада Түркістан облысы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерінің сапалық жағдайына сипаттама берілген. Статистикалық көрсеткіштер соңғы мәліметтерді пайдалана отырып талданды, сол аралықта егістік алқаптары аудандарының өзгеру серпіні көрсетіліп, жалпы ауыл шаруашылық жерлеріне кері әсер етуші факторлар анықталды. Облыстағы ауыл шаруашылық жерлерінің басты мәселесі жоғары деңгейде эрозияға ұшырауы болып табылады. Мақалада облыстың аймақтық ерекшеліктерін ескере отырып, ауыл шаруашылық жерлерін тиімді пайдаланудың басым бағыттары анықталған және оларды тиімді пайдалануды жетілдірудің мәселелері баяндалған. Ауыл шаруашылығы мен агроөндірістік кешеннің тұрақты дамуының негізгі үш құрылымы аталып, олардың ауыл шаруашылығын, соның ішінде жер ресурстарын ұтымды басқарудағы маңызы қарастырылған. Еуропалық одақтың ERA-NET бағдарламасы бойынша Европа елдерінің ауыл шаруашылығы мен ауыл шаруашылығына арналған жерлерді дамытудың еуропалық нұсқасы үлгі ретінде алынып, Аустралия, Канада, Ресей сияқты дамыған мемлекеттердің тәжірибелері қарастырылған. Мақалада сонымен қатар Түркістан облысының суармалы жерлерінің қазіргі жағдайы мен олардың көлемін арттыру мәселелері, облыстың республика халқын азық-түлікпен қамтамасыз етудегі орны қарастырылған. Түркістан облысында ауыл шаруашылық жерлерінің, соның ішінде суармалы жерлерді тиімді пайдалану бойынша ұсыныстар берілген.

Түйін сөздер: ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер, Түркістан облысы, сапалық жағдай, жер қоры, мелиоративтік алқап.

A.Zh. Tazhekova[1*], A.A. Tokbergenova[2], K.B. Zulpykharov[2]

[1]South Kazakhstan State Pedagogical University, Kazakhstan, Shymkent
[2]Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
[*]e-mail: tazhekova@mail.ru

Qualitative condition of agricultural lands of the Turkestan region

The article discusses the qualitative state of agricultural land in the Turkestan region. Using statistical data in recent years, the dynamics of changes in the areas of arable land is shown, negative factors affecting the quality of agricultural land are identified.. The main factor in the degradation of agricultural land in the region is erosion. The article identifies priority areas for the effective use of agricultural land, taking into account regional peculiarities of the region and outlines the issues of improving their effective use.The article discusses the three main structures for the sustainable development of agriculture and the agro-industrial complex, which are important in the rational management of agriculture and land resources. Analyzed the European version of the development of agricultural land and agriculture in Europe under the program of the European Union ERA-NET. The experience of developed countries such as Australia, Canada, Russia is considered and recommendations are given on improving the quality of agricultural land in the Turkestan region.

Key words: agricultural lands, Turkestan region, the qualitative state, landfund, meliorative lands.

 © 2020 Al-Farabi Kazakh National University

А.Ж. Тажекова[1*], А.А. Токбергенова[2], К.Б. Зулпыхаров[2]
[1]Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Казахстан, г. Шымкент
[2]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
[*]e-mail: tazhekova@mail.ru

Качественное состояние сельскохозяйственных земель Туркестанской области и проблемы рационального использования

В статье рассматривается качественное состояние земель сельскохозяйственного назначения Туркестанской области. Используя статистические данные за последние годы, показана динамика изменения площадей пахотных земель, выявлены негативные факторы, влияющие на качественное состояние сельскохозяйственных угодий. Основным фактором деградации сельскохозяйственных земель области является эрозия. В статье определены приоритетные направления эффективного использования сельскохозяйственных земель с учетом региональных особенностей области и изложены вопросы совершенствования их эффективного использования. В статье рассмотрены три основные структуры устойчивого развития сельского хозяйства и агропромышленного комплекса, которые имеют значение в рациональном управлении сельским хозяйством и земельными ресурсами области. Проанализирован европейский вариант развития земель сельскохозяйственного назначения и сельского хозяйства стран Европы по программе Европейского союза ERA-NET.

В статье также рассматривается современное состояние орошаемых земель Туркестанской области, вопросы увеличения их площади, проблемы водопользования, роль региона в обеспечении населения республики продуктами питания.

Рассмотрен опыт развитых стран, таких как Австралия, Канада, Россия, и даны рекомендации по повышению качественного состояния сельскохозяйственных земель, том числе орошаемых земель Туркестанской области.

Ключевые слова: сельскохозяйственные земли, Туркестанская область, качественное состояние, земельный фонд, мелиоративные угодья.

Кіріспе

Республикадағы шөлейттену үрдістерінің дамуы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің үлес салмағының 1991 жылы 220,7 млн.гадан 2019 жылы 100 млн. га-ға дейін қысқаруына алып келді. Құнарлы ауыл шаруашылығы жерлерін жоғалту нәтижесінде егістік жерлер көлемі 1990 жылы 35,21 млн. гектардан 2019 жылы 15,3 млн. гектарға дейін, оның ішінде дәнді дақылдар бойынша тиісінше 23,4-тен 11,4 млн. гектарға дейін төмендеді.

Бұл жерлерді мелиорациялаусыз табиғи қалпына келтіру үрдісі кемінде 20-30 жыл талап етеді. Шөлейттену үрдісінің нәтижесінде келесі экономикалық мәселелер қалыптасты: ауыл шаруашылығы жерлерінің жоғалуы; түсімділіктің төмендеуі; экспорттық әлеуеттің төмендеуі; мал басының және өнімділігінің төмендеуі; ауыл шаруашылығы өнімдері мен жеңіл өнеркәсіп өнімдері өндірісінің төмендеуі және соның салдарынан ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруден, қайта өңдеуден және сатудан түскен қаражаттың бюджетке түсімдерінің күрт азаюы.

Республика бойынша қалыптасқан бұл жағдай барлық облыстардың ауыл шаруашылық жерлеріне тән жағдай.

Зерттеу жүргізіліп отырған Түркістан облысының аумағы көп зоналылығымен ерекшеленеді. Жер көлемі бойынша Түркістан облысы республика жер көлемінің 4,3%-ын құрайды. Облыс аумағының 88%-ын ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер алып жатыр. Сапалық жағдайына қарай ауыл шаруашылық жерлері тұздалған, жел және су эрозиясына ұшыраған деп жіктеледі. Егіншілік дамыған ауданның 40% – мелиорациялық жағдайы нашар аудандар болып табылады. Сонымен қатар, сортаңданған жерлер, бақшалық жерлер облыстың үлкен бөлігін алып жатыр. Жалпы, Түркістан облысының жер қоры – 11725,8 мың га құраса, оның ішінде ауыл шаруашылық мақсатындағы пайдаланылып жатқан жерлер – 6815,7 мың га. Ал егістік жерлердің көлемі 911,4 мың га (суармалы 457,3 мың га), жайылымдық 5635,8 мың га, шабындық 84,5 мың га, көп жылдық екпелер 29 мың га. Түркістан облысы – республикадағы өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының барлық салалары дамыған, еңбек ресурстары жеткілікті аймақ. Жалпы республикадағы ауыл шаруашылығы өнімінің 12,2%-ын береді. Ауыл шаруашылығының басты стратегиялық маңызы бар саласы – мақта өсіру. Қазіргі таңда мақта өсіретін егістік алқабының көлемі 170 мың га (егіс

көлемінің 30%-ы) жетті. Ауыл шаруашылығы саласы жағдайының сараптамалары көрсеткендей, аталған саланың кірісінің аз болуының негізгі себебі – ауылшаруашылық өнімдерін өңдеуші заманауи технологиялар мен ғылыми-дәлелденген агротехнологияның өндіріске енгізілуінің өте төмен деңгейде болуы. Әрине, бұл отандық тауарлардың ішкі және сыртқы нарықтағы бәсекеге қабілетсіздігіне алып келеді. Облыстың негізгі жеткен жетістіктерінің аясында қазіргі таңда ауылшаруашылық өндірісінің шынайы секторы мен ғылыми зерттеулер арасындағы қарама-қайшылықтар мәселесі көрініс тауып отыр. Ауылшаруашылық тауарларының сатылу нарығының жыл сайынғы құбылып отыратын жағдайы мен оның бәсекеге қабілеттілігінің талаптарын жоғарылату облыс өндірісінің аграрлық ғылымына жаңа зерттеулерді уақытылы енгізудің қажеттілігін айқындайды.

Бастапқы мәліметтер және зерттеу әдістері

Зерттеудің теориялық және методикалық негізін егістік жерлерді пайдалану мен топырақтың құнарлығын жақсарту мен сақтау бойынша іс-шараларды салыстырмалы және кешенді зерттеуді қамтамасыз етуші жүйелік әдіс құрады.

Мақаланы жазуда дәстүрлі және заманауи әдістер қолданылады: салыстырмалы, тарихи, экономикалық және статистикалық, экономикалық-математикалық, картографиялық.

Бастапқы ақпарат алдымен әдеби көздерден жиналады. Зерттеу аймағына қатысты барлық жинақталған нақты материалдарға талдау жасалды.

Екіншіден, жергілікті атқарушы органдар мен жер қатынастарын басқару органдарының мәліметтерінен аумақтың топырағының сапалық жағдайлары мен гидрологиялық ерекшеліктері туралы нақты мәліметтер алынды.

Облыстың ауыл шаруашылық жерлері, оларды пайдалану туралы мәліметтер облыстың Ауыл шаруашылығы басқармасының есептерінен, республиканың Статистика Комитетінің статистикалық жиынтықтары мен Жер ресурсын басқару Комитетінің жиынтық талдамалы есептерінен алынды.

Егістік жерлердің пайдалану деңгейі мен тенденцияларды анықтау үрдісінде және оның сапасын жақсарту мен мониторинг жүргізуде келесі әдістер пайдаланылды: экономикалық-статистикалық, салыстырмалы әдістер.

Зерттеу нәтижелері

Түркістан облысының жалпы жер қоры – 11725,8 мың гектарды құрайды. 2019 жылы ауыл шаруашылығы мақсатындағы егістік жерлердің көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 30 мың гектарға ұлғайды. Облыстың 57,3 мың гектар суармалы жер алаңында су объектілерінің 90%-ы республикалық меншікке берілді. Нәтижесінде 45,5 мың га жердің сумен қамтамасыз етілуі мен мелиоративтік жағдайы жақсарды, 1 мың гектар суармалы жерлер айналымға енгізілді. 2019 жылдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 542,8 млрд теңгені құрады.

Осы көрсеткіш бойынша өңір республикада екінші орынға ие болды. Сонымен қатар, облыс бойынша жалпы өнім үлесі 12,4%-ды құрады, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 12,6%-ға немесе 20,2 млн-ға артық. 2018 жылы Түркістан облысында Халықаралық Қайта Құру және даму банкінің бюджеті есебінен 57 мың га жер қалпына келтірілді.

Түркістан облысының ауыл шаруашылық жерлерін ұтымды пайдалануда аумақты ландшафты-экологиялық көзқарас негізінде ұйымдастырудың маңызы жоғары.

Түркістан облысының ауыл аймақтарының ландшафтысының дамуы өндірістік әрекеттердің, әсіресе ауыл шаруашылық өндірісінің (суармалы егіншілік пен жайылымдық мал шаруашылығы) тура және тікелей әсер етуінің кезінде жүреді. Соңғысы ландшафттарда түбегейлі өзгерістерге алып келетін бірқатар жағымсыз салдардың пайда болуы мен дамуын тудырады.

Табиғи жүйелерде ауыл шаруашылық өндірісінің әсері нәтижесінде табиғи ауыл шаруашылық жүйелері қалыптасады.


Шаруашылық әрекеттің деңгейі мен сипаты және осы әсерге қайта жауап реакциясы антропогендік жүктеменің түрі мен деңгейі, антропогендік әсерлерге табиғат кешендердің табиғи тұрақтылығы секілді көрсеткіштерді біріктіретін, табиғи ландшафттардың антропогендік өзгеру көрсеткіштерімен бағаланады.

Түркістан облысындағы антропогендік әсерлердің сипаты мен ландшафттық ұйымдастырулар деңгейінде антропогендік ландшафттың алты классы бөлініп көрсетілген (1-кесте).

1-кесте – Антропогендік ландшафттар

Антропогендік ландшафттар	Ландшафттардың қайта құрылуының бағыттары мен тәсілдері
1	**2**
Ауыл шаруашылық класы	
1. Егістік 2. Жайылым	I. Жел және су эрозиясымен күреске мұқтаж басым түрде жерді игерілуде пайдаланылатын ландшафттар: 1.1. – дәнді-дақылдық, жем-шөптік, көкеніс мәдениеттік, бау-бақшалық және жүзімдіктік суармалы жерлер. 1.2. – жайылымдар айналымын енгізуді, эрозияға қарсы іс-шараларды өткізуге мұқтаж, басым түрде жайылымдық пайдалану ландшафттары.
Технологиялық класс	
1. Темір жолдар 2. Автомагистраль 3. Қатты жабыны бар жолдар 4. Грунттық жолдар	II. Эрозияға қарсы шараларды, өсімдік жамылғысын қалпына келтіру, жерді мәдениландіруді қажет ететін, жол құрылысының әсеріндегі ландшафттар.
Техногендік класс	
1. Карьерлер 2. Су тартқыштар 3. Электр жеткізу линиялары 4. Газ құбыры	III. Техногендік әсердегі (механикалық және химиялық) ландшафттар.
Орман класы	
1. Ормандар	IV. Кеңейтілген қалпына келтіру мен қорғауға мұқтаж сексеуілді массивті ландшафттар.
Селитебті класс	
1. Қалалар 2. Ауылдық елді мекендер	V. Елді мекенді ландшафтар: 5.1. – тиімді табиғатты пайдаланудың барлық нормасын сақтауды қажет ететін, ішінара литогендік негізде, түбегейлі биогендік, гидроклиматтық өзгерістермен қалалармен және қалалық мекендермен ландшафттар. 5.2. – жоспарлы құрылыс пен қайта қалпына келтіруге мұқтаж, биогенді және гидроклиматтық құрам бөліктерінің қалыпты өзгерістерімен ауылдық қоныстармен ландшафттар.
Су класы	
1. Көлдер 2. Су қоймалары 3. Ирригациялық каналдар	VI. Су ресурстарын тиімді пайдалану мен олардың ластануын болдырмау бойынша шараларды сақтауды қажет ететін, осал гидроклиматтық негізбен ландшафттар: 6.1. – су қорғау шараларына мұқтаж, анық техногендік әсерге ұшыраған көлдермен ландшафттар; 6.2. – табиғатты қорғау шаралары кешендерін сақтауға мұқтаж су қоймаларымен ландшафттар; 6.3. – су фильтрациясы мен эрозиясын болдырмауға мұқтаж ирригациялық каналдармен ландшафттар.

Кестеден көріп тұрғандай, *ауыл шаруашылық ландшафттары класы* суармалы және суармалы емес егістіктер, шабындықтар мен жайылымдар, бақшалар, баулар, жүзімдіктер мен қоғамдық жерлерден тұратын ауыл шаруашылық жерлерінен тұрады. Ауыл шаруашылық жерлері 10272,2 мың гектарға тең (облыс ауданының – 87,6%). Ауыл шаруашылық жерлер құрылымы талдауы 1991 жылдан 2019 жылға дейінгі аралықта егіндік жерлердің қысқаруын көрсетті. Егістік жерлердің ауданы 313,6 мың га қысқарды және 876,4 мың га тең болды, сонымен бірге тыңайған жерлердің ауданы ұлғайды (1-сурет).



1-сурет – Ауыл шаруашылығы жерлерінің бөлінуі, мың га (ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті 2019 ж.)

Түркістан облысының ауыл шаруашылығы жерлерінің құрылымында дәстүрлі түрде егістік жерлер ауданынан (876,4 мың га) жайылымдардың ауданының (9095,8 мың га) басым болу үрдісі байқалады.

Өсімдік шаруашылығы Түркістан облысының ауыл шаруашылығының негізгі саласы болып табылады. Өсімдік шаруашылығының ауыл шаруашылығы өндірісіндегі жиынтық өнімінің үлес салмағы 63,2% тең.

Егістік жерлердің құрылымы дәнді және дәнді-бұршақтық дақылдардан (бидай, арпа, күріш, ұрыққа жүгері), мал азықтық дақылдардан (көпжылдық және біржылдық шөптер), техникалық дақылдардан (мақта, темекі, майлы дақылдар), көкөніс пен картоптан тұрады (2-сурет).



2-сурет – Егіс алқаптарының құрылымы, га (ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті 2019 ж.)

Түркістан облысы республикада мақта өндірудің жалғыз базасы болып табылады. Қазіргі уақытта Арыс, Мақтаарал, Отырар, Сарыағаш және Шардара әкімшілік аудандары агроөнеркәсіптік кешенінде қолайлы табиғи және экономикалық жағдайлардың болуынан мақта өсірумен айналысады. Облыста картоп пен көкөніс-бақша өнімдерін өндіру үшін қолайлы топырақ-климаттық жағдайлар бар. Дәнді дақылдардың жалпы жинағы тек облыс халқын ғана емес, елдің солтүстік өңірлеріне де қамтамасыз етеді (Барсукова, Радчевский, 2017).

Облыста көкөністердің барлық түрлері дерлік өсіріледі, олардың негізгі бөлігі қызанақ, пияз, сәбіз, қырыққабат. Сайрам, Төлеби, Сарыағаш, Қазығұрт әкімшілік аудандары көкөніс өнімдерін өндіруге мамандандырылған. Қияр, қырыққабат – ерте көкөністерін жеткізушілер Сайрам және

Сарыағаш әкімшілік аудандарындағы өндірушілер. Көкөністерді өндірудегі шаруа және жеке қосалқы шаруашылықтардың үлесіне 91%-дан астамы келеді.

Бақша дақылдарын өсірудегі келешегі бар аудандар – Шардара, Сарыағаш және Мақтаарал аудандары болып табылады, оларда тиісінше бақша дақылдарының жалпы көлемінің 29%, 21% және 19% өндіріледі (Демина Н.Ф, Булыгина С.А., 2007). Облыста картопты егудің ең қолайлы аймақтары – Төлеби, Түлкібас және Қазығұрт әкімшілік аудандарының таулы аймақтары.

Облыстың топырақ-климат жағдайы облыс халқын картоп, көкөніс және бақша өнімдерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Түркістан облысының егістік жерлері 813,5 мың га болса, соның 13955 га жерін картоп, бақша дақылдары егістік алқабы 60408 га, ашық топырақта өсірілетін көкөністер алқабы 39524 га жерді алып жатыр.

Ауа райы жағдайының қолайлылығы Түркістаннан Шардараға дейін мақта өсіру мүмкіншілігіне ие. Түркістан облысында мақтаны 10 ауданда өсіреді: Мақтарал, Жетісай, Шардара, Кентау қ.ә., Сарыағаш, Келес, Ордабасы, Отырар, Арыс қ.ә. және Бәйдібек. 2019 жылы Түркістан облысының мақта өсіретін аудандарында мақта шиті 132606 га егістік алқабына егілді, соның ішінде Мақтаарал 37570 га, Жетісай 49028 га, Шардара 24273 га, Кентау қалалық әкімшілігі 12086 га және Ордабасы 7418 га.

Ал аудандар бойынша картоп егістігі алқабының 2015-2019 жылдар аралығында өзгеру динамикасы әртүрлі. Сарыағаш ауданында 2015 жылы 5547 га аумаққа картоп егілген болса, 2019 жылы бұл көрсеткіш 3647 га құрады. Сонымен қатар, осындай көрініс Төле би, Ордабасы, Қазығұрт аудандарында да байқалса, ал керісінше Сайрам ауданы және Кентау қалалық әкімшілігі аумақтарын көбейгендігін байқауға болады.

Түркістан облысында ашық топырақта өсірілетін көкөністердің 39,2% – қарбыз, 19,1%, – қызанақ, 9,4% – басты пияз, 6,6% – қияр, 5,6% – қырыққабат құрайды. Облыста картоп егістігінің ауданы 2015-2019 жылдар аралығында азайған болса, ашық топырақта өсірілетін көкөністердің алқабының өскендігі байқалады. 2015 жылы облыста 33310 га жерге ашық топырақта өсірілетін көкөністер егілген болса, бұл көрсеткіш 2019 жылы 39524 га жерді құрады, яғни 6214 гектарға ұлғайған. Түркістан облысының ашық топырақта өсірілетін көкөністердің егістік алқабы негізінен Сарыағыш – 7496 га, Келес – 7136 га, Сайрам – 4960 га, Жетісай – 4221 га, Кентау – 3702 га, Мақтаарал – 1760 және Ордабасы – 3111 га сияқты жазық агроландшафттарында орналасқан, суармалы егістікпен айналысатын аудандары территориясында шоғырланған. Түркістан облысы өзінің бау-бақша шаруашылығымен біздің елімізде ғана емес, алыс-жақын шетелдерге де жақсы танымал. Сондықтан да оның өнімдері қашан да үлкен сұранысқа ие болып отыр.


Қазіргі таңда Түркістан облысының егістік жерлері 813,5 мың га болса, соның 60408 га жерін бақша дақылдарының егістік алқабы алып жатыр.

Облыстың бақша дақылдарының егістік алқабының көп бөлігін жазық агроландшафттарында орналасқан, суармалы егіншілікпен айналысатын Жетісай – 14487 га, Мақтаарал – 12430 га, Шардара – 10375, Отырар – 7832 га және аудандары мен Арыс – 3297 га және Кентау қалалық әкімшіліктерінің – 6951 га аумағына тиесілі.


Жүзім екпелерінің едәуір үлес салмағы ауылшаруашылық кәсіпорындары мен шаруа (фермер) қожалықтарында (тиісінше – 2858 га және 5943 га) орналасқан. Ең аз егілген жүзімдіктер ауданы (1171 га) жұртшылық шаруашылығында. Орташа есеппен алғанда санаққа алынған бір ауылшаруашылық кәсіпорындарының субъектісіне – 0,57 га, шаруа (фермер) қожалығына – 0,02 га, үй шаруашылығына – 0,002 га және саяжай учаскелеріне – 0,001 га жүзімдіктен келеді.

Облыстың картоп егістігі алқабының 2019 жылғы көрсеткіші 2015 жылға қарағанда 247 гектарға азайғандығы байқалады, аумақтың бұл егістік түрімен айналысатын негізгі аудандары Сарыағаш, Сайрам, Келес және Төле би болып табылады (3-сурет).

Түркістан облысының жалпы жер қоры 2019 жылдың 1 қарашасындағы статистикалық мәліметтер бойынша 11,7 млн га құрады. Жер санаттары бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер 4,2 млн га, елді мекен жерлері 788 мың га, өндіріс, транспорт, байланыс және ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерлер 101,7 мың га, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жері 430,9 мың га, орман қоры жерлері 3, 0 млн. га, су қоры жерлері 134,5 мың га, қордағы немесе босалқы жерлер 2,9 млн. га құрады (4-сурет).




3-сурет – Түркістан облысының ауыл шаруашылық жерлері, мың га (ҚР ұлттық статистика департаментінің мәліметтері негізінде автормен жасалынған)



4-сурет – Түркістан обылысының алқаптарының құрамы бойынша жер қорының жіктелуі, мың, га (ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті 2019 ж.)

2005 жылдан 2017 жылға дейін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер 15,1% ұлғайып, қордағы жерлер 43,1%-ға азайған.

Түркістан облысының 1991 жылдан 2017 жылға дейінгі ауыл шаруашылық мақсаттағы жерлер көлемі бойынша динамикасы 7,5 млн га ауыл шаруашылық жерлердің азайғанын, оның ішінде 2005 жылға дейін 38,3%-ға жуық төмендегенін, ал 1991 жылдан 2019 жылға дейін 34,8%-ға жуық төмендегенін көрсетеді (5-сурет).



5-сурет – Түркістан обылысының алқаптарының құрамы бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің бөлінуі, мың га (ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті 2019 ж.)

Ауыл шаруашылығы мен агроөндірістік кешеннің тұрақты дамуы келесі үш құрылымның біртекті жұмысынан көрінеді: экономикалық, қоғамдық және экологиялық. Жер ресурстары мен жерді қолдануды зерттегенде географиялық негізді де естен шығармау керек. Ел ішіндегі қоғамдық және экономикалық өмірдің өзгеруі, жер ресурстарын басқаруда жаңа концептуалдық үрдістерді талап етеді. Бұл үрдістер тұрақты дамуды қамтамасыз етуі тиіс. Бұл жағдайларды қарастыру қазіргі таңда ауыл шаруашылығына қарасты жерлерді қолданудағы көптеген қателіктерге негізделеді. Жер ресурстарының деградацияға ұшырауы республика облыстарының өндірістік әлеуетіне кері әсер етеді (Kesavan and Swaminathan, 2009).

Жер ресурстарын басқару жүйесінің дұрыс ұйымдастырылмауына байланысты көптеген мемлекеттерде құнарлы жерлердің тапшылығы байқалады. Сонымен қатар, адам өміріндегі болашақ өзгерістер мен өндірістік заттар мен биоэнергетикаға сұраныстың өсуі, климаттың өзгеруіне байланысты әлемдік экономикадағы өзгерістер және ауыз суының азаюы азық-түлік өндірісіне қауіп төндіруде.

Ауылшаруашылық өндірістік кешеннің тұрақты дамуына адамның өмір сүру әрекеті кері әсер етеді. Әсіресе жерді қолдану аясының локальді және ғаламдық масштабта өзгеруі. Ең негізгі өзгерістерге индустриаландыру және көлік байланыстарының дамуы, су және жел эрозиясы, топырақтың деградациясы мен шөлдену жатады.

Жерді жергілікті және ғаламдық деңгейде сақтау аясына жаңа жолдарды қарастырмаса, бір-екі онжылдық аралығында азық-түліктің жетіспеуі мен миллиондаған адамдардың аштықта қалу қауіпі бар, әсіресе экономикасы нашар дамыған елдерде.

Тұрақты ауыл шаруашылығы ауыл шаруашылық жүйесінің альтернативі ретінде қалыптасып, көптеген мәселелерді шешкен. Бұл жағдайлар көбіне ресурстар тапшылығы байқалатын фермерлерге тән, осымен қоса бұл жүйе экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Осы жерден ауыл шаруашылығының жеткілікті азық-түлікті және басқа да тауарларды өндірумен, жалпы осы жүйедегі жағдайды жақсы жаққа қаратуы шығады. Бұл жүйе өзіне топырақ өндірудің өзара байланысын, ауыл шаруашылығы өнімдері мен мал шаруашылығын жатқызады (Hamidov A., Helming K., Balla D., 2016, 36:6).

Жерді ұтымды пайдалану елдің азық-түлік қауіпсіздігінің кепілі ғана емес, сонымен қатар ауылдық жерлердің тұрақты дамуына ықпал етеді, оның аумақтық тұтастығының алғышарттарын жасайды. Сонымен қатар, республикада ауыл шаруашылығының қазіргі деңгейі экономиканың осы секторындағы жерді толық пайдалану мәселесінің маңыздылығын арттырады.

Суармалы жерлер жалпы егіс алқабының шамамен 7%-ын алып жатқан өсімдік шаруашылығы құнының 40%-дан астамын береді. ҚР Ұлттық статистика басқармасының мәліметтері бойынша, еліміздегі жалпы егістікпен айналысатын жерлердің ауданы 2019 жылы 20,6 млн га болса, оның 93,16 % (19,19 млн га) суарылмайтын егістік (богаралы), ал 6,84 % (1,41 млн га) суармалы жерлер болып табылады. Алайда, Республикамыздың жер балансында суармалы жерлердің үлесі шамамен 7 % құрағанымен (2019 ж.), ауыл шаруашылығында өсімдік шаруашылығы өнімдерінің 45 %-ын құрайды (6-сурет).



6-сурет – Қазақстандағы сурамалы және суарылмайтын (богаралық) жерлерінің құрылымы мен жалпы түсімі, млн тг (ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті 2019 ж.)

Ауылшаруашылық жерлерін және әсіресе суармалы жерлерді пайдаланудың тиімділігі әлеуметтік-экономикалық жағдайға жекелеген аймақтарда да, жалпы республикада да айтарлықтай әсер ететін негізгі фактор болып табылады.

Осыған орай, Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 10 қыркүйектегі № 152 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Ұлттық іс-

қимыл жоспарының 41-тармағына сәйкес, суармалы егіншілікті дамытудың 2030 жылға дейінгі мемлекеттік стратегиясы қабылданды.

Қазақстанда деградацияға ұшыраған суармалы жерлердің ауданы 4-тен 10%-ға дейін, ал топырақ деградациясына ұшыраған жайылымдар ауданы 20-дан 60% құрайды. Деградацияланған жерлердің басым бөлігі Түркістан облысына тиесілі.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректері бойынша 2018 жылы 2175 мың га суармалы жерлердің жалпы алаңынан 681,2 мың га немесе 31,3% пайдаланылмаған. Пайдаланылмай жатқан суармалы жерлер Түркістан облысында 47,0 мың га құрап отыр.

Суармалы жерлерді толық пайдаланбаудың негізгі себебі жердің мелиорациялық жай-күйінің нашарлауымен қатар жүретін суару және дренаж жүйелерінің едәуір тозуы және істен шығуы болып табылады. Бұл көптеген шаруа, фермер және басқа да шаруашылықтар арасында бөлінген суару алқаптарында шаруашылықаралық, шаруашылықішілік суару және дренаж жүйелерінің дұрыс ұйымдастырылмауына және олардың күтімсіз қалғанына байланысты. Сондай-ақ облыста суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйі нашарлаған.

Соңғы жылдары ауылшаруашылық өнімдерін өндіру көлемін арттыру үшін егін шаруашылығында заманауи су ресурсын үнемдеу технологиясын енгізу және озық инновациялық әдістерге көшу жұмыстары белсенді түрде жүргізіліп келеді.

2019 жылы облыста суды үнемдеп пайдалану мен сурамалы жерлердің аумағын ұлғайту мақсатында тамшылатып суғару әдісі жалпы ауданы 34,0 мың га жерге енгізілді (республикадағы облыстың үлесі – 84%), бұл 2013 ж. салыстырғанда 26%-ға артық (27,0 мың. га) және 2012 ж. салыстырғанда 1,6 есеге артық (20,8 мың. га). Облыстағы жылыжайлардың жалпы ауданы 910,0 га жерге салынды (республикадағы облыстың үлесі – 87%), бұл 2013 жылмен салыстырғанда 26%-ға және 2012 жылмен салыстырғанда 1,6 есеге артық.

Біздің елімізде ғана емес, шетелде де сұранысқа ие органикалық және экологиялық таза өнім өндіру үшін айтарлықтай әлеуетіміз бар. Біз суармалы жер көлемін кезең-кезеңімен 2030 жылға қарай 3 млн. га дейін ұлғайтуымыз керек. Бұл ауыл шаруашылығы өнімдері көлемінің 4,5 есе өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», – деп мәлімдеді ҚР Президенті Қ.Қ. Тоқаев 2019 жылғы 2 қыркүйектегі жолдауында.

Түркістан облысы республиканың басқа облыстарымен салыстырғанда сурамалы егіншілікті дамытуға, органикалық өнімдерді өндіруге өте қолайлы облыс болып табылады. Ол үшін облыстағы жер ресурсының құнарлылығын сақтау, деградацияға ұшыраған жерлерді қалпына келтіру, шөлге айналу үрдісін қысқарту бойынша көптеген іс-шараларды ұйымдастыру қажет. Ол үшін шетелдік тәжірибелерді кеңінен қолдану керек.

Еуропалық Одақтың ERA-NET жетінші негіздемелік бағдарламасы бойынша Еуропа елдеріне арналған «Тұрақтылық: Еуропадағы ауыл шаруашылық аудандар мен ауыл шаруашылығының жаңа қарым-қатынасы» (RURAGRI) атты жобасы дайындалды. Осы аталған жобада Еуропа елдерінің ауыл шаруашылығы мен ауыл шаруашылығына арналған жерлерді дамытудың еуропалық нұсқасы келтірілген. Бұл жоба қазіргі және болашақтағы еуропалық ұлттық және аймақтық ауыл шаруашылығын дамытуға арналған бағдарламаларды жақсартуға бағытталған. Бұл өз кезегінде тұрақты бірыңғай жүйені қалыптастырып, Еропаның ауыл шаруашылық аудандары мен ауыл шаруашылық құрылымының жүргізілуіне жаңа көзқарасты қалыптастырады (Bhilare A., 2013, 881-886 бб).

«Сербия Республикасының тұрақты ауыл шаруашылығы мен ауыл шаруашылық аудандарын дамыту аясындағы стратегиялық мақсаттары Дунай аймағы негізінде» атты жобасы 2011 жылдан бастап 2014 жылдар аралығында, Сербия Республикасының ғылым, білім және технологиялық даму Министрлігінің қаржыландырылуымен жүзеге асырылған. Бұл жоба өз ішінде үш бөлімге бөлінген:

– Жоғарғы Дунай аймағындағы тұрақты ауыл шаруашылығы мен ауыл шаруашылық аудандарының дамуы;

– Белград – Нови-Сад аймағындағы қалалық және қала маңы ауыл шаруашылығы;

– Карпат төңірегіндегі ауылдық жерлерді дамыту мен тұрақты ауыл шаруашылығы (Джертап ұлттық саябағындағы таулы жер және оның қорғалатын аумағы) (Philippe F., Sandrine P., Laurent D.).

Осы жобаның нәтижесінде ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қолға алынды.

Аустралияда ауыл шаруашылығына жарамды аймақтар аумағы өте қатты шектелген. Ауыл шаруашылығы секторында соңғы 40 жыл ішінде тауар айналымы шарттары төмендеген. Бұл болашақ бағалардың өткен үрдістерге бай-

ланыстырылып жүргізілуі, яғни жағдайдың жыл сайын өзгеріп отыратыны ескерілмеген. Тәжірибе жүзінде өндірістің дамуы, мемлекеттік спонсорлардың қолдауы кезінде жүретіні байқалған. Соңғы 20 жыл ішінде ауыл шаруашылық секторында, өнімді көп беретін ауыл шауашылық жерлерді қолдану аясы кеңейді.

Шөлдену және жердің деградациясы топырақтың құнарлылығы мен өнімділігінің төмендеуіне әкеледі және сәйкесінше аграрлық сектордың жағдайына кері әсер етеді. Бүгінгі таңда Қазақстан өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жеткілікті негізгі азық-түлік өнімдерін өндірмейді. Республиканың шаруашылықтары ел тұрғындарын етпен, маймен, жармамен қамтамасыз ете алмай отыр. Шетелден келетін азық-түлікке тәуелді болды. Шетелдік өнімдердің ағуын тоқтату үшін жердің болып жатқан деградациясына қарсы тұру үшін тиімді ғылыми зерттеулер мен жаңа технологиялар қажет.

Қазіргі таңда бұл мәселелерді шешу келесі шарттар негізінде жүзеге асады: әлемдік климаттыңөзгеруі,нарықпентауарайналымының жаһануы, ауыл шаруашылықтың нарықтық қатынастарға көшуі, технологиялық өзгерістер мен қоғамның Жер ресурстарын ұтымды пайдалануы (Paul G., Umme S., 1996). Бүкіл әлемдік мәліметтер банкінің мәліметтері бойынша, жаһандық деңгейде жарамды жерлердің көп бөлігі жарамсыз жерлерге айналған. Жердің құнарсыздануы мен шөлдену үрдістері жайында сөз қозғағанда, жергілікті жердің ерекшеліктерін ескеруді ұмытпау қажет (David T., Kenneth G., 2002).

2003 жылы Канаданың ауыл шаруашылық және агроөндірістік федералды Департаменті жаңаауылшаруашылықсаясатыжасапшығарды. Осы саясат бойынша қоршаған орта негізгі 5 элементтің бірі ретінде қаралған. Канаданың су ресурстарын, жерін және биоалуантүрлілікті сақтау мақсатында агро-экологиялық бағдарламалау жүргізілді. Бағдарламалаудың көп бөлігі ауыл шаруашылығында практикалық әдістердің қолдануына назар аударған.

Ресейде агроөндірістік кешендерді басқару ұйымдық-экономикалық механизмдер негізінде жүзеге асырылады. Кез келген аймақтың тұрақты дамуы бірін-бірі толықтырып отыратын негізгі екі құрылымнан тұрады: аймақ ішіне кіретін аудандардың тұрақты дамуы және аймақтың халық шаруашылығын құрайтын салалардың тұрақты дамуы. Аймақтың аумақтық-салалық құрылымдарының тұрақты дамуы географиялық негіздермен қарастырылады.

Қазақстанда агроөндірістік кешеннің тұрақты дамуы, жер ресурстарын басқару мәселелерін экономикалық және экологиялық тұрғыдан қарастыруды негіздейді. Қазақстан Республикасының жер ресурстарын тиімді қолданудың экологиялық-экономикалық мәселелері: жер ресурстарын тиімді қолданудың экономикалық механизмі мен экологиялық қауіпсіздіктің стратегиялары (Бесланеева, 2009).

Мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ең маңызды бөлігі азық-түлік қауіпсіздігі. Ауыл шаруашылық өндірісімен айналысатын әртүрлі деңгейдегі мемлекеттер арасындағы бәсекелестіктің пайда болуы нарықтық қатынастардың дамуы, әлемдік қаржылық-экономикалық жағдай және жаһандану үрдістеріне байланысты болып отыр (Коновалова, 2006).

Жерді аймақтық қолданудың жаңа негіздемелерін қолдану қажет болып отыр. Ол үшін ауыл шаруашылығы өндірісі, географиялық және экономикалық үрдістер мен адамның өмір сүру ортасы байланыста болуы қажет.

Суармалы егіншілікті дамытудың ғылыми-техникалық қолдауынсыз шешу мүмкін емес. Қазақ су шаруашылығы ҒЗИ (ҚазСШҒЗИ) Қазақстанның су ресурстарын басқару, жерлердің мелиорациясы мен суарылуы, ауыл шаруашылығын сумен қамтамасыздандыру және жайылымдарды суландыру, су шаруашылығының экономикасы салаларындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындаудың 60 жылдық тәжірибесі бар жетекші ғылыми ұйым болып табылады, сонымен қатар институт суарудың және мелиорацияның суды үнемдеу технологияларын, жайылымдарды суландырудың, су ресурстарының басқарылуын автоматтандырудың, суды есепке алудың, суды таратудың инновациялық технологияларын жасап, ендіруде.

Қорытынды

Түркістан облысы – Қазақстан Республикасының өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын қатар дамытып отырған аймақтың бірі.

Соңғы жылдары, облыс аумағында пайдаланылмай жатқан жерлердің көлемі 0,3%-дан 2,0%-ға дейін көбейді. Негізгі себеп жерді пайдалану мен игеруге арналған материалдық-техникалық базаның жетіспеушілігі.

Түркістан облысы ауылшаруашылығының шешімін таппай келе жатқан күрделі мәселесінің бірі суаруға арналған су жетімсіздігі. Мәселенің біржақты шешімі – суару тиімділігін арттыру,

су сақтау технологиясын енгізу болып табылады. Алдыңғы қатарлы технология жоқ жерлерде бір гектар егістікті суаруға кететін су шығыны 6000-7000 м³ суды құрайды. Ал, озық технология енгізілген шаруашылықтарда тамшылатып суару есебінен бір гектарды суаруға кететін су шығыны 3000-3500 м³ суға дейін қысқарды. Соңғы жылдары тамшылатып суару технологиясының енгізілуіне байланысты ауылшаруашылық дақылдары егілетін аумақтар ұлғайды. Түркістан облысындағы 63,3 мың га суармалы жерді сумен қамтамасыз ететін жалғыз су нысаны «Бөген» су қоймасы арқылы жеткізілетін, ұзындығы 145 шақырым құрайтын Түркістан магистральды каналы.

Облыстағы ауыл шаруашлық жерлерін сумен қамтамасыз ету үшін республикалық бюджет есебінен 2 жоба, сыйымдылығы 18,0 млн. м³ болатын «Кеңсай Қосқорған-2 су қоймасын салу» мен «Түркістан магистралды каналын күрделі жөндеу» жобасына қаржы бөлініп, жұмыстар жүргізілуде.

Одан бөлек, «Сырдария өзенінен машиналы әдіспен су беру жобасы» қолға алынды. Осы жобалардың іске асырылуының нәтижесінде 9,5 мың га алқаптың суару қабілеті жақсаратын болады.

Қазіргі кезде облыстағы суармалы жері бар аудандарда келесідей қиындықтар орын алып отыр:

– жердің гидрологиялық жағдайы нашарлауы соншалық, жердің қайта тұзденуі жүруде, ауыл шаруашылығына бөлінген жерлер айналымнан шығып қалуда;

– су ресурстарын басқарудың заңнамалық базасының болмауы;

– ұзақ уақыт бойы жөндеусіз пайдалану салдарынан, негізгі мелиоративтік қорлардың айтарлықтай тозуы;

– суаруларды жүргізу (күрделі және ағымдағы тегістеу, уақытша суару желісін кесу, жер бетімен суарудың кіші механикаландыру құралдарының пайдаланылуы және т.б.) барысында жұмыстарды механикаландырудың нашар пайдаланылуы; заманауи суды үнемдеу технологияларын пайдалану деңгейінің төмен болуы;

– егіншілік шаруашылығында ғылыми негізделген биологиялық жүйесінің және дақылдарды өсірудің агротехникалық тәсілдерінің сақталмауы;

– бәсекеге қабілетті өндірістің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін, тиімділігі жоғары және басым ауыл шаруашылығы дақылдарының нашар қолданылуы;

– органикалық және минералдық тыңайтқыштарының қажетті көлемде жеткіліксіз пайдаланылуы.

Жалпы, облыс аймағындағы жер ресурстарын тиімді түрде пайдалансақ, ауыл шаруашылық өнімдерімен, соның ішінде әсіресе бау-бақша дақылдарымен, жеміс-жидек өнімдерімен тек облыс сұранысын ғана емес, республиканың басқа да аймақтарының сұранысын қанағаттандыра алатын еді. Алайда, облыстың деградацияға ұшыраған жерлерін қайта қалпына келтіру жұмыстарын жіргізіп, шөлге айналу үрдісіне бейім жерлерді ерекше қорғауды қажет етеді. Қазіргі таңда облыс аумағындағы аулы шаруашылық жерлерінің 2,9 млн га тұздалған, 3,2 млн га. – жел эрозиясына ұшыраған, 958,0 мың га. – шайылған немесе су эрозиясына ұшыраған. Бұл үрдістер тек ауыл шаруашылығының дамуына кері әсерін тигізіп қана қоймай, ауылдық жерлердің тұрақты дамуына, ауылдардағы адами капиталды дамытуға да кері әсерін тигізуде. Сондықтан облыстың ауыл шаруашылық жерлерін тиімді пайдалану мәселесі республикадағы халық саны ең көп Түркістан облысындағы ауылдық елдімекендердің тұрақты дамуы мен ауыл халқын еңбекпен қамтамасыз ету мәселесімен ұштасып отыр. Бұл мәселені шешу қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Әдебиеттер

План нации – 100 шагов по реализации пяти институциональных реформ Н. Назарбаева Сводный аналитический отчет о состоянии и использовании земель РК за 2017 г. – Астана, 2018.

АгроИнформ – информационно-аналитический бюллетень Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан

Барсукова Г.Н., Радчевский Н.М. Современные проблемы управления земельными ресурсами // Научный журнал КубГАУ, – №125 (01). 2017. – С. 1-20.

Демина Н.ф, Булыгина С.А. Экономический механизм управления земельными ресурсами // Вестник КрасГАУ. – 2007. – №4. – С. 23-25.

Указ Президента Республики Казахстан от 25 декабря 1995 г. №2717, имеющий силу Закона «О государственной регистрации прав на недвижимое имущество и сделок с ним».

Бесланеева Ж.Х. Формирование механизма обеспечения устойчивого развития агропромышленного комплекса: диссертация на соискание кандидата экономических наук. – Нальчик, 2009. – 142 с

ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Түркістан облысының Статистика департаменті (Түркістан облысының ауыл, орман және балық шаруашылығы жинағы). 2015-2019 жж. Түркістан 2019.

Коновалова Т.В. Организационно-экономические основы устойчивого развития агропромышленного комплекса: на примере Томской области: диссертация кандидата экономических наук. – Новосибирск, 2006. – 190 с.

Kesavan P.C and Swaminathan M.S. Strategies and models for agricultural sustainability in developing Asian countries, Philosophical Transactions of the Royal Society B: Biological Sciences, 2008 Feb 27; 363(1492): 877-891.

Management of Natural and Environmental Resources for Sustainable Agricultural Development. Proceedings of a Workshop, February 13-16, 2006, Portland, Oregon. Editors – Robert Stefanski and Philip Pasteris

Soil and Land Resources for Agricultural Production: General Trends and Future Scenarios-A Worldwide Perspective. Winfried E.H.Blum. International Soil and Water Conservation Research, Volume 1, Issue 3, December 2013, Pages 1-14.

Ahmad Hamidov, Katharina Helming, Dagmar Balla. Impact of agricultural land use in Central Asia: a review Agronomy for Sustainable Development, March 2016, 36:6

Sustainable Agriculture and Land Management. Anagha Bhilare. International Journal of Agriculture and Food Science Technology. ISSN 2249-3050, Volume 4, Number 9 (2013), pp. 881-886, Research India Publications, http://www.ripublication.com/ijafst.htm.

RURAGRI is an ERA-NET supported by the European Commission under the 7th Framework Programme.http://www.ruragri-era.net.

Implementing Sustainable Agriculture and Rural Development in the European Alps. Author(s): Philippe Fleury, Sandrine Petit, Laurent Dobremez, Markus Schermer, Christoph Kirchengast, Giorgio De Ros, Natalia Magnani, Lauro Struffi, Valérie Mieville-Ott, and Olivier Roque. Source: Mountain Research and Development, 28(3):226-232. Published By: International Mountain Society.

Sustainable agriculture and rural development in terms of the republic of Serbia strategic goals realization within the Danube region. Rural development and (un)limited resources Drago Cvijanovic and Subic Jonel and Andrei Jean. Institute of agricultural economics, Belgrade, Serbia, Balkan scientific association of agrarian economists, 10. May 2014; http://mpra.ub.uni-muenchen.de/58558/MPRA Paper No. 58558, posted 14. September 2014.

Land Degradation and the Australian Agricultural Industry. Paul Gretton, Umme Salma. Commonwealth of Australia 1996; Trends in current Australian agricultural policy and land resource management Madeline Taylor;

David Tilman, Kenneth G. Cassman, Pamela A. Matson, Rosamond Naylor, Stephen Polasky. Agricultural sustainability and intensive production practices. Springer Nature 418, 671-677 (8 August 2002) | doi:10.1038/nature01014

Sustainable Land Management. Challenges, Opportunities, and Trade-Offs. The International Bank for Reconstruction and Development / The World Bank 1818 H Street, NW, Washington, DC 20433, Telephone 202-473-1000, Internet

EnvironmentalSustainability ofCanadian Agriculture:Report ofthe Agri EnvironmentalIndicator ProjectA Summary T. McRae, C.A.S. Smith, and L.J. Gregorich (editors). Research Branch, Prairie Farm Rehabilitation Administration Agriculture and Agri-Food Canada, 2000

Бесланеева Ж.Х. Формирование механизма обеспечения устойчивого развития агропромышленного комплекса: диссертация на соискание кандидата экономических наук. – Нальчик, 2009. – 142 с

Коновалова Т.В. Организационно-экономические основы устойчивого развития агропромышленного комплекса: на примере Томской области: диссертация кандидата экономических наук. – Новосибирск, 2006. – 190 с.

References

Plan naczii – 100 shagov po realizaczii pyati instituczional`ny`kh reform N.Nazarbaeva //http://www.inform.kz/rus/article/2777943

Svodny`j analiticheskij otchet o sostoyanii i ispol`zovanii zemel` RK za 2017 g., (2018) Astana.

AgroInform - informaczionno-analiticheskij byulleten` Ministerstva sel`skogo khozyajstva Respubliki Kazakhstan

Barsukova G.N., Radchevskij N.M. (2017) Sovremenny`e problemy` upravleniya zemel`ny`mi resursami.//Nauchny`j zhurnal KubGAU, #125 (01) S 1-20. http://ej.kubagro.ru/2017/01/pdf/28.pdf

Demina N.f, Buly`gina S.A. E`konomicheskij mekhanizm upravleniya zemel`ny`mi

Kesavan P.C and Swaminathan M.S. Strategies and models for agricultural sustainability in developing Asian countries, Philosophical Transactions of the Royal Society B: Biological Sciences, 2008 Feb 27; 363(1492): 877-891

Management of Natural and Environmental Resources for Sustainable Agricultural Development. (2006) Proceedings of a Workshop, February 13-16, Portland, Oregon. Editors - Robert Stefanski and Philip Pasteris

Soil and Land Resources for Agricultural Production: General Trends and Future Scenarios-A Worldwide Perspective. (2013) Winfried E.H.Blum. International Soil and Water Conservation Research, Volume 1, Issue 3, December Pages 1-14

Ahmad Hamidov, Katharina Helming, Dagmar Balla. (2016) Impact of agricultural land use in Central Asia: a review Agronomy for Sustainable Development, March, 36:6

Sustainable Agriculture and Land Management. Anagha Bhilare. (2013) International Journal of Agriculture and Food Science Technology. ISSN 2249-3050, Volume 4, Number 9 pp. 881-886, Research India Publications, http://www.ripublication.com/ ijafst.htm

RURAGRI is an ERA-NET supported by the European Commission under the 7th Framework Programme.http://www.ruragri-era.net

Implementing Sustainable Agriculture and Rural Development in the European Alps. Author(s): Philippe Fleury, Sandrine Petit, Laurent Dobremez, Markus Schermer, Christoph Kirchengast, Giorgio De Ros, Natalia Magnani, Lauro Struffi, Valérie Mieville-Ott, and Olivier Roque. Source: Mountain Research and Development, 28(3):226-232. Published By: International Mountain Society.

Sustainable agriculture and rural development in terms of the republic of Serbia strategic goals realization within the Danube region. Rural development and (un)limited resources Drago Cvijanovic and Subic Jonel and Andrei Jean. Institute of agricultural economics, (2014) Belgrade, Serbia, Balkan scientific association of agrarian economists, 10. May 2014; http://mpra.ub.uni-muenchen.de/58558/MPRA Paper No. 58558, posted 14. September

Land Degradation and the Australian Agricultural Industry. Paul Gretton, Umme Salma. Commonwealth of Australia (1996); Trends in current Australian agricultural policy and land resource management Madeline Taylor;

David Tilman, Kenneth G. Cassman, Pamela A. Matson, Rosamond Naylor, Stephen Polasky. Agricultural sustainability and intensive production practices. Springer Nature 418, 671-677 (8 August 2002) | doi:10.1038/nature01014

Sustainable Land Management. Challenges, Opportunities, and Trade-Offs. The International Bank for Reconstruction and Development / The World Bank 1818 H Street, NW, Washington, DC 20433, Telephone 202-473-1000, Internet

Environmental Sustainability of Canadian Agriculture:Report ofthe Agri EnvironmentalIndicator ProjectA Summary (2000 T. McRae, C.A.S. Smith, and L.J. Gregorich (editors). Research Branch, Prairie Farm Rehabilitation Administration Agriculture and Agri-Food Canada,

Beslaneeva Zh.Kh. (2009) Formirovanie mekhanizma obespecheniya ustojchivogo razvitiya agropromy`shlennogo kompleksa. Dissertacziya na soiskanie kandidata e`konomicheskikh nauk, Nal`chik, g., 142 s

Statistics Department of Turkestan regionem statistics de Ministry de ipsum de National oeconomiam efficiunt Reipublicae Kazakhstan (Collection of Agriculture et arboribus piscariis Turkestan de regione). 2015-2019 Turkestan (2019)

Konovalova T.V. (2006) Organizaczionno-e`konomicheskie osnovy` ustojchivogo razvitiya agropromy`shlennogo kompleksa: na primere Tomskoj oblasti: dissertacziya kandidata e`konomicheskikh nauk, Novosibirsk, -190 s.

МРНТИ 39.21.02 https://doi.org/10.26577/JGEM.2020.v59.i4.02

Н. Смочко

Мукачевский государственный университет, Украина, г. Мукачево,
e-mail: natasmochko@gmail.com

СОВРЕМЕННЫЕ КОНЦЕПЦИИ ФОРМИРОВАНИЯ СИСТЕМ РАЗМЕЩЕНИЯ НАСЕЛЕНИЯ ТЕРРИТОРИАЛЬНЫХ СИСТЕМ МОНОРАЗВИТИЯ

Сонымен, озон бар үш атмосфералық облыс бар – олар тропосфера, стратосфера және мезосфера. Сәйкесінше, оларды «тропосфералық», «стратосфералық» немесе «мезосфералық озон» деп атайды. Және де бұл атаулар әр қабаттағы озонмен байланысты мәселелердің бір-бірінен айырмашылық жасайтынын көрсетеді.

Өткір мәселелер стратосфералық озонмен байланысты болып келеді. Стратосфералық озон бүкіл Жер шарындағы тірі ағзалардың қорғаушысы іспеттес. Адамзат бүгінде стратосфералық озонның мөлшерінің азайып кетпеуі үшін күресуде.

Жер атмосферасындағы температура мен озон концентрациясының арасындағы байланысқа деген қызығушылық айқын және түсінікті. Стратосфераның негізгі қызуы озон молекулалары күннің ультракүлгін сәулелерін сіңіру нәтижесінде болатыны белгілі. Сондықтан озон концентрациясының өзгеруі осы аймақтың температуралық режимінің өзгеруіне әкеледі. Екінші жағынан, кез келген жылу бұзылуы озонның түзілу және ыдырау реакцияларының жылдамдығына әсер етеді (Kulikov Yu. Yu., Ryskin V. G., 1999: 89).

Брассер мен Соломонның пікірінше, бұл өзара әрекеттесу механизмі температура мен озон құрамы арасында теріс корреляцияға ие (Brasseur, G., and Solomon, S., 1984: 452). Мысалы, Рэнделл планетарлық толқындардың таралуы кезінде жылудың азаюы пайда болады, ол жоғарғы стратосферадағы озон құрамының өзгеруінің қарсы фазасында және төменгі стратосферадағы озон құрамының өзгеруінің фазасында болады. Алайда, озон мен температураның өзара әрекеттесуінің жалпы

процесінде химиялық, температуралық және динамикалық механизмдердің рөлі жеткіліксіз зерттелген (Randell, W. J., 1993: 3308).

Finger et al ұсынған (Finger, F.G., Nagatani, R.M., 1995: 3477) озон вариацияларының көпжылдық спутниктік өлшеулерін талдау нәтижелері, сонымен қатар төменгі стратосферадағы озон мөлшері мен температура (30 мбар деңгейі) және сәйкесінше 1,0-2,0 мбар арасындағы оң және теріс корреляцияның болуын көрсетеді. Алайда, кері спектрометрмен алынған бұл спутниктік мәліметтерде қысқы жарты шардың полярлық ендіктеріндегі озон мөлшері туралы ақпарат жоқ екенін атап өткен жөн. Сондықтан, стратосферадағы фотохимиялық процестер әлсіреген және динамика шешуші рөл атқара алатын полярлық түн жағдайында озон мен температура арасындағы байланысты зерттеу маңызды болып табылады.

Озонның жалпы құрамының температурамен, қысыммен және атмосферадағы әртүрлі биіктіктегі басқа да метеорологиялық элементтермен байланысын алғаш рет Добсон және оның қызметкерлері 1925-1930 жылдары зерттеді.

Түрлі биіктіктегі озон мен температура арасындағы байланыс сипатын зерттеу үшін көптеген зерттеушілер корреляция коэффициенттерін есептеді. Корреляция коэффициенттері озон мәндері мен бір мезгілде өлшенген температура үшін есептелген. Озон-температура коэффициенттері туралы келесі қорытынды жасауға болады:

1) бір биікке және бір маусымға жататын әртүрлі станциялардың корреляция коэффициенттері шамамен бірдей, бұл зерделенетін байланыстардың кездейсоқ еместігін көрсетеді;

2) 3, 6, 8 және 9 км биіктіктерде корреляция коэффициенттері теріс;

3) 12, 14, 15 және 20 км биіктіктерде корреляция коэффициенттері орташа есеппен оң; бұл ретте жазда және күзде әрдайым оң және көктемде және қыста жиі теріс (биік ендерде);

4) тропосферадан стратосфераға көшкенде орташа корреляция коэффициенттері белгіні керіге ауыстырады;

5) оңтүстік жарты шарда (Мирный станциясы) корреляция коэффициенттерінің белгілері мен шамалары Солтүстік жарты шардағыға ұқсас;

6) корреляция коэффициенттері ендіктен аз тәуелді;

7) корреляция коэффициенттері теңіз деңгейінен биіктікке және жыл уақытына байланысты айтарлықтай өзгереді;

8) тропосферада корреляция коэффициенті орташа r = минус 0,47, төменгі стратосферада r = 0,27-ге тең (Хргиан А.Х., Еланский Н.Ф.,1983:156).

Юхансен (Hansen, J., Sato, M., Ruedy, R.,1997: 6831) озон-температура байланысын зерттей отырып, Тромста алынған мәліметтерге сәйкес, ең үлкен теріс корреляция коэффициенті көктемде 6 км биіктікте байқалады деген қорытындыға келді.

Воейков обсерваториясында алынған мәліметтер бойынша “озонның жалпы құрамы мен ауа температурасы арасындағы тығыз байланыс сәуір-мамыр айларында тропосферада 6-9 км биіктікте, ең аз байланыс – күзгі айларда байқалады. 9 км биіктіктегі озон құрамы мен ауа температурасы арасындағы корреляция коэффициенті көктемде r = минус 0,78 мәніне жетеді. Тропопауза арқылы өткен кезде озон құрамы мен ауа температурасы арасындағы корреляция коэффициенті күрт секіруге ұшырайды. Тропопауза ауданында ол белгісін өзгертеді немесе нөлге жақындап азаяды”, – делінген (Хргиан А.Х., Еланский Н.Ф., 1983:156).

Оринг пен Мюнч озонның жалпы құрамының жер бетіндегі температурамен байланысын 100 және 50 мб зерттеді. Зерттеу үшін негізінен Еуропада орналасқан 17 озонометриялық станцияның деректері пайдаланылды. Аэрологиялық деректер озонометриялық станцияларға жақын пункттерден алынды. 1956-1957 жылдардағы озон-температура корреляция коэффициенттерінің орташа айлық және орташа жылдық мәндері есептелді. Авторлар 100 мб деңгей үшін корреляция коэффициенттері 50 мб деңгей үшін корреляция коэффициенттерінен асып түсетінін атап өтті. Көптеген жағдайларда корреляция коэффициенттері оң болды (Yung Y.L., Jiang Y., Liao H., Gerstell M.F.,1997: 3229-3231).

Мартин мен Бруер бір жағынан, 24 сағаттық кезеңнің соңында озонның жалпы құрамына бөлінген осы пункттегі озонның жалпы құрамының 24 сағаттық өзгерісі, екінші жағынан, 100 мб деңгейіндегі температурадағы 24 сағаттық өзгеріс арасындағы корреляция коэффициентін есептеді. Озонның жалпы құрамы (бір айлық кезеңдегі озонның орташа жалпы құрамына бөлінген) мен 100 мб бетіндегі температура арасындағы корреляция коэффициенті r = 0,57-ге тең болды. Бовил мен Хейр Мусони станциясы үшін озонның жалпы мөлшері мен 23,500 км биіктіктегі ауа температурасы арасындағы корреляция коэффициентін есептеді, 1960 жылдың қаңтарында ол r = 0,85-ке тең болды. Сол уақыт аралығында 200 мб беткейдегі озон-температура корреляция коэффициенті Мусони үшін r

= 0,42 болды (Martin Dameris, Fabian P., 2014: 356).

Озонның жалпы құрамы мен атмосфера температурасының арасында тығыз байланыс бар және де ол тропосфера үшін теріс, ал стратосфера үшін – оң. Озонның жалпы құрамының ауытқуы негізінен 12-24 км қабаттағы озон құрамының ауытқуымен байланысты, яғни төменгі және орта стратосферада. Демек, озонның тік таралуы атмосферада температураның вертикальды таралуымен байланысты деп қорытынды жасауға болады.

Бұл байланыс озонның тік таралуының ендік тәуелділігімен жақсы көрінеді. 12-24 км қабатта озон мөлшері негізінен ендіктің өсуімен артады. Екінші жағынан, 12-24 км қабаттағы температура ендіктің өсуімен де артады. Осыдан өз кезегінде стратосферадағы ауа температурасы ондағы озонның құрамына байланысты деген қорытынды жасауға болады (Демин В.И., Белоглазов М.И., Еланский Н.Ф., 2004:662-665).

Т.С. Селегей (Селегей Т.С., 2007: 46) озонның орташа жылдық құрамы жылдың бірінші жартысындағы атмосфералық ауаның температуралық режимімен байланысты екенін анықтады: бірінші жартыжылдықтағы атмосфералық ауа неғұрлым жылы болса, озон концентрациясының орташа жылдық мәні соғұрлым жоғары болады. Жылудың едәуір адвекциясы кезінде (бірінші жартыжылдықта ауаның орташа айлық температурасы нормадан 5,5-6,0 ^{0} С жоғары) озонның орташа айлық концентрациясы күн сәулесінің болуына қарамастан 40-60 мкг/м^{3} артады. Озонның ең жоғары концентрациясының ең төменгі салыстырмалы ылғалдылыққа тәуелділігі кері сипатта болады: салыстырмалы ылғалдылықтың өсуімен озон концентрациясы төмендейді (r = -0,37), жекелеген жартыжылдықтарға бөле отырып, байланыс жақсармайды. Төмен салыстырмалы ылғалдылық (30%-дан аз) озонның жоғары концентрациясының пайда болуы үшін қажетті, бірақ жеткіліксіз шарт болып табылады.

А.В. Холопцев өзінің еңбегінде Украина территориясындағы найзағайдың белсендігі мен озонның жалпы құрамы арасындағы статистикалық байланысты зерттеді. Украинаның барлық дерлік аумағында зерттелген процестер арасындағы байланыс теріс екендігі анықталды (Холопцев А.В., Никифорова М.П., 2011: 57).

Тропопауза мен озонның жалпы құрамының өзара байланысы көптеген зерттеулердің тақырыбы болып табылады (Bethan S., Vaughan G., Reid S.J., 1996: 929-944, Canziani P.O., Compagnucci R.H., 2002: 4741, Hoinka K. P., Claude H., 1996: 1753-1756, Hudson R. D., Frolov A. D., 2003: 1669–1677, Steinbrecht W., Claude H., 1998: 19183–19192). Орташа алғанда, тропопаузаның биіктігінің жоғарылауымен атмосфералық полюсте озон мөлшері азаятыны анықталды. Бұл шамалар арасындағы корреляция қалыпты ендік үшін шамамен 0,6 құрайды (Иванова А.Р., 2013: 146-147).

Жер бетіне жеткен күннің ультракүлгін радиациясының қарқындылығы атмосфералық озонның және басқа газ компоненттерінің сіңуіне, сондай-ақ ауа молекулалары мен аэрозольдердің таралуына байланысты екені белгілі. Бұлттылық болмаған кезде оның деңгейі негізінен озонның жалпы құрамымен анықталады (Гущин Г.П., Виноградова Н.Н., 1983: 237).


ОЖҚ және биологиялық белсенді УК-радияцияның тәуліктік және орташа айлық мәндерінің уақыттық қатарларының байланысын талдау нәтижесі ($\lambda \leq 310$ нм) 50^{o} с. е.-ден жоғары Солтүстік Американың континентішілік аймағы үшін басқа факторлардың әсеріне қарамастан ОЖҚ жеткілікті жоғары деңгейі негізінен атмосфераның динамикасына байланысты екенін көрсетті, ультракүлгін сәулеленудің өзгеруі ОЖҚ ауытқуларымен модуляцияланады (Зуев В.В., Зуева Н.Е., 2006: 1053-1061). Бұл параметрлер арасында статистикалық тұрғыдан жоғары корреляция деңгейі бар (сенімді ықтималдықпен 0,99-дан жоғары). Сонымен бірге корреляция дәрежесі аймақтың ендік орналасуына, континенталдылығына және оның климаттық жағдайларына байланысты екендігі анықталды.

Озонның басқа ауа қоспаларымен де байланысы зерттелген. Атмосфералық ауаның басқа қоспаларының концентрациясы мен озон концентрациясының өзара тәуелділігін анықтағанда, алынған бірнеше корреляция индекстері қарастырылатын факторлар арасындағы байланыстың орташа дәрежесін көрсетеді (R=0,375-0,58). Фишер критерийін қолдана отырып регрессиялық арақатынастарды бағалау олардың статистикалық дұрыстығын көрсетті (F=3,06-8,42; P<0,05). Атмосфералық ауаның озонмен ластану дисперсиясының 14,1%-дан 33,6%-ға дейін ауа бассейнінің өзге де газ тәрізді қоспалары бар имплицирленгені анықталды (Голиков Р.А., Суржиков Д.В., 2016: 26-31).

Жер бетіндегі озон мен ауа температурасының байланысы көптеген ресейлік ғалымдармен зерттелді, олар: М.И. Белоглазов, А.А. Ермак, С.А. Румянцев, В. К. Ролдугин, Б. Д. Белан, Т. К. Склянева және т. б. (Белоглазов М.И., Ермак А.А., 1998: 65).

Бастапқы деректер мен зерттеу әдістері

2012-2016 жылдар аралығында Алматы, Атырау, Қарағанды, Арал сияқты станцияларының аэрологиялық мәліметтері АҚШ-тың Вайоминг университетінің сайтынан алынып, өңделіп, озонның жалпы құрамы мен ауа температурасы, салыстырмалы ылғылдылық және жел жылдамдығы арасындағы байланысы зерттелді. Осы станциялардағы метеоэлементтердің 20 км биіктіктегі мәліметтері алынды және статистикалық зерттеу әдістері қолданылды (http://weather.uwyo.edu/).



1-сурет – Озонометриялық бақылау станцияларының орналасуы

Озонның максималды концентрациясы 20-дан 30 км-ге дейін биіктікте байқалатыны белгілі, сондықтан атмосфераның бүкіл бағанасындағы озонның жалпы құрамының өзгеруі стратосфералық концентрацияның негізгі өзгерістері деп шартты түрде болжауға болады. Қолданыстағы гипотезаға сәйкес, жер беті озонының қалыптасуының негізгі көзі стратосфералық озон болып табылады және ОЖҚ (озонның жалпы құрамы) мен ЖБО (жер беті озоны) арасында байланыс болуы керек.


Нәтижелері мен талдау

Сырғымалы 30 күндік орташалауды қолдана отырып (атап айтқанда синоптикалық процестерден туындаған ұсақ периодтарды жою үшін), ОЖҚ мен ЖБО қатарларына кросс-корреляциялық талдау жүргізілді.

ОЖҚ мен ЖБО вариацияларын салыстыру кезінде ОЖҚ-ға қатысты ЖБО максимумы мен минимумдарының кешеуілдеуі анықталды, ол 33-тен 52 күнге дейін ауытқып, орташа есеппен 42 күнді құрады (ЖБО және ОЖҚ тәуліктік мәндерінің уақыттық қатарларын 30 күндік орташа есеппен және ОЖҚ-ға қатысты ЖБО кешіктіру кезінде 42 күн ішінде осы қатарлар арасындағы корреляция коэффициенті 0,78±0,12 құрайды). Тәуліктік амплитудасы суық мезгілде (қаңтар) 0,5–1,0 ppb-ден жылы мезгілде (шілде) 5-8 ppb-ге дейін (Potemkin V.L., Potemkina T.G., 2015: 38)

Жыл мезгілдері бойынша озон концентрациясының төмен тәуліктік өзгергіштігі суық мезгілде, жоғары – жылы мезгілде байқалады, бұл әр түрлі беттердегі ағынның температурасы мен мөлшеріне байланысты: қар – 0,02–0,03 см/с, топырақ – 0,1–1,0 см/с), сондай-ақ озонның биотамен өзара әрекеттесуімен, ақаулардың газсыздандырылуымен, найзағай күндерінің көптігімен байланысты (Тимофеева С.С., Латышева И.В., 2008:24-27).

Т. С. Селегей мен Н. Н. Филоненконың еңбектерінде (Селегей Т. С., Филоненко Н. Н., Ленковская Т. Н., 2011: 88) озонның орташа тәуліктік концентрациясы мен күн сәулесінің тәуліктік ұзақтығы арасындағы корреляция коэффициенттері r=0,17 деңгейін көрсететіндігі анықталған. Орташаландыру кезеңінің орташа айлық мәндерге дейін ұлғаюымен корреляция коэффициенті r = 0,58-ге дейін, ал орташа жылдық мәндер үшін r = 0,77-ге дейін артады.



2-сурет – ОСО (нүктелі сызық) және ЖБО (тұтас сызық) көп жылдық өзгерістері

Жердегі озонның ең аз концентрациясы ауаның орташа тәуліктік және максималды температурасымен байланысты (r = 0,34–0,39). Жылы кезеңде (мамыр–қазан) байланыстар күшейеді (r = 0,48–0,55), суықта, керісінше, r = 0,24–0,25 дейін төмендейді.

Озон концентрациясының орташа тәуліктік және минималды салыстырмалы ылғалдылыққа тәуелділігі кері және r = -0,34 ÷ -0,37 деңгейінде. Төмен салыстырмалы ылғалдылық (<30 %) озонның жоғары концентрациясын қалыптастыру үшін қажетті, бірақ жеткіліксіз шарт болып табылады. Жердегі желдің орташа тәуліктік жылдамдығымен және АТ925 мб биіктіктегі желдің жылдамдығымен озонның орташа тәуліктік концентрациясының корреляция коэффициенттері олардың төмен мәндерін көрсетті (r = 0,01–0,12; -0,01 ÷ -0,09). Қыс айларында (қараша–ақпан) тәуелділік 0,27–0,34-ке дейін артады және келесі айларда қайтадан жоғалады. Сонымен қатар, әрбір келесі жыл үшін тәуелділік қисықтары әртүрлі көлбеулі болады.


Озонның максималды концентрациясының желдің бағытына тәуелділігін талдау озонның ең жоғары концентрациясы оңтүстік желдерде, ең төменгісі – шығыс, батыс және солтүстік-батыста пайда болатындығын көрсетті, бұл Батыс Сібірдің оңтүстігінің циркуляциялық ерекшеліктеріне жақсы сәйкес келеді. Оңтүстік желдер жылы және құрғақ ауа массаларын алып жүреді және, әрине, озонның жоғары концентрациясын құрайды. Батыс және солтүстік-батыс желдері белсенді айналым процестерімен байланысты: циклондардың басып кіруі, фронттардың өтуі, жауын-шашын және т. б. Мұндай жағдайларда жердегі озонның жоғары концентрациясы байқалады. Шығыс желдеріне келетін болсақ, олар төмен қайталанушылыққа ие және негізінен орталығы Моңғолияның үстінде орналасқан қысқы күшті антициклондарда байқалады. Мұндай антициклондар суық ауаны Батыс Сібірдің оңтүстігіне озонның төмен концентрациясымен жібереді (Селегей Т. С., Филоненко Н. Н., Ленковская Т. Н., 2011:88).

М. И. Белоглазовтың жұмысында күннің әртүрлі уақыттарындағы жер бетіндегі озон құрамының ауа температурасына корреляциялық тәуелділігінің әр түрлі сипаты анықталды; түстен кейін және кешке корреляция коэффициенті статистикалық маңызды, оң; күннің қалған уақытында статистикалық маңызды емес; жердегі озон құрамының өзгеруі температураның өзгеруінен бірнеше сағатқа артта қалады.

3-суретте аталған станциялардағы озонның жалпы құрамының мәні озон қалыптасатын биіктіктегі ауа температурасы мәнімен байланыс графигі көрсетілген.

3-суреттен көретініміздей, 2014 жылы озон қалыптасатын биіктіктегі ауа температурасы басқа жылдардағы мәндеріне қарағанда әлдеқайда төмен болған, оған ОЖҚ үлкен мәндері сәйкес келеді. Ал стратосферадағы біршама жылынулар 2015 жылы болған, ол өз кезегінде жер бетіндегі циркуляциялық процестер мен ауа рай-

ына әсерін тигізеді. Және де озон концентрациясы бойынша да Алматы станциясының максимумы да осы жылмен сәйкес екенін көреміз. Сурет бойынша озон концентрациясының аз мәндеріне ауа температурасының жоғары мәндері сәйкес келеді деген қорытынды алуға болады.



3-сурет – Озонның орташа жылдық жалпы құрамы мен 20 км биіктіктегі ауа температурасы арасындағы байланыс

Жоғарыда айтылғандардан озонға бай стратосфералық массалар көбінесе суық тропосфералық ауа массаларының үстінде, ал озонға кедей стратосфералық массалар жылы тропосфералық массалардың үстінде орналасады деп қорытынды жасауға болады. Төменгі және орта стратосферадағы жылы ауа массалары озонның жоғарылауымен, ал суық ауа массалары төмен мазмұнмен сипатталады (Александров Э.Л., Израэль Ю.А., Кароль И.Л., Хргиан А.Х., 1992: 282).

Озонның жалпы мөлшері мен атмосфераның температурасы арасында тығыз байланыс бар, ол тропосфера үшін теріс, ал стратосфера үшін оң. Озонның жалпы құрамының ауытқуы негізінен 12-24 км қабаттағы озон құрамының, яғни төменгі және орта стратосферадағы ауытқуларына байланысты.


Осыдан озонның вертикальды таралуы атмосферадағы температураның вертикальды таралуымен байланысты деп қорытынды жасауға болады. Бұл байланыс озонның вертикальды таралуының ендік тәуелділігімен жақсы дәлелденді. 12-24 км қабатта озон мөлшері негізінен ендік өскен сайын артады. Екінші жағынан, 12-24 км қабаттағы температура ендік өскен сайын орта есеппен жоғарылайды. Осыдан өз кезегінде стратосферадағы ауа температурасы ондағы озонның құрамына байланысты деп қорытынды жасауға болады (Кадыгрова Т.В., Фиолетов В.Э., 1990: 63).

Озон мөлшерінің өзгеруі стратосфера температурасымен тығыз байланысты. Температураның төмендеуіне белсенді түрде озонды бұзатын заттардың қоспасы бар полярлы стратосфералық бұлттар үнемі пайда болады және полюстерде де, жаһандық масштабта да озон қабатының қалыңдығы күрт төмендейді. Атмосфера күйінің өзгеруі жылдан жылға температураның күрт өзгеруіне әкеледі («Вопросы и ответы об озоновом слое», 2010: 79).

4-суреттен неғұрлым озонның жалпы құрамының мәні жоғары болған сайын, салыстырмалы ылғалдылық мәні соғұрлым төмен болатынын байқаймыз. Оған Алматы және Арал станциялары дәлел бола алады. Озонның жалпы құрамының жоғарғы мәндерінде салыстырмалы ылғалдылық 23 % (Қарағанды) көрсетсе, оның аз мәнінде Алматы станциясы үшін салыстырмалы ылғалдылық 17 %-пен тіркелген.


Бақылау орнындағы озонның жалпы құрамы төменгі стратосферадағы желдің бағытына байланысты. Төменгі стратосферадағы солтүстік желдері өлшеу орындарында озонның жалпы мөлшерінің жоғарылауына, оңтүстік – азаюына әкеледі деп болжалды. Мияке мен Кавамура (Monks, P.S. 2000: 3545-3561) сүзгіш озонометрімен озон өлшеулерінің мәліметтеріне сүйене отырып,

“Жапонияда (Татено) солтүстік желдері кезінде озонның жалпы мөлшері артатынын анықтады. Озон мен желдің бағыты арасындағы корреляция коэффициенттері ендікке аз тәуелді болып келеді.



4-сурет – Озонның орташа жылдық жалпы құрамы мен 20 км биіктіктегі салыстырмалы ылғалдылық арасындағы байланыс

К.И. Ромашкинаның жұмысында (Ромашкина К.И., Шаламянский А.М., 1980: 72) Алматы үшін 9 және 15 км биіктіктегі озонның жалпы құрамы мен желдің меридионалды және аймақтық құраушылары арасындағы байланыс зерттелді. 1961 жылғы озон туралы мәліметтер пайдаланылды, озонның жалпы құрамы мен жыл мезгілдері бойынша желдің құрамдас бөліктері арасындағы корреляция коэффициенттері есептелді. Желдің меридионалды және аймақтық құраушылары солтүстік-оңтүстік және батыс-шығыс осьтеріндегі вектордың проекциясы ретінде анықталды. Озон мен желдің корреляция коэффициенттері Алматыда аз және өзгермелі. Корреляция коэффициентінің белгісі биіктікке де, жыл мезгіліне де белгілі бір заңдылықсыз өзгереді. Бұл Алматыда 9 және 15 км биіктіктерде озонның жалпы құрамы мен желдің меридионалдық және аймақтық құраушыларының арасында елеулі байланыс жоқ екенін білдіреді, алайда басқа жерлерде қарастырылатын байланыс неғұрлым тығыз болуы мүмкін екенін ескеру керек.



5-сурет – Озонның орташа жылдық жалпы құрамы мен 20 км биіктіктегі жел жылдамдығы арасындағы байланыс

Қарастырылып отырған жылдар аралығында 2014 жылы 20 км-ден жоғары биіктікте желдің жылдамдығы басқа жылдармен салыстырғанда жоғары болғанын көреміз. Ол циркуляциялық ерекшеліктердің әсерінен болуы әбден ықтимал.

Метеорологияда көбінесе корреляциялық талдау бір үлгідегі көптеген параметрлер арасындағы байланысты зерттеуді қамтиды. Яғни корреляциялық есептеулер қарастырылатын көптеген параметрлердің жұбының әрқайсысы үшін жасалады (Солтаганов Н.А., Ботыгин И.А., 2017: 199-200). Бұл жұмыста өзара байланыс (корреляциялық байланыс) келесі метеорологиялық параметрлер арасында зерттеледі: озонның жалпы құрамы, температура, салыстырмалы ылғалдылық.

1-кесте – Озонның жалпы құрамы мен метеошамалар арасындағы корреляциялық байланыс

Таңдаулы шамалар	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл
ауа температурасы және ОЖҚ	-0,9	-0,2	-0,3	0,8	-0,2
салыстырмалы ылғалдылық және ОЖҚ	-0,2	0,5	-0,3	-0,1	-0,1
жел жылдамдығы және ОЖҚ	0,9	-0,08	0,3	0,8	0,6

«-» белгісі метеошамалардың үлкен мәндері озонның жалпы құрамының аз мәндеріне сәйкес келетінін көрсетеді, ол дегеніміз бұл мәндер арасындағы теріс корреляция ұғымын береді.

«+» белгісі метеошамалардың аз мәндері озонның жалпы құрамының аз мәндеріне сәйкес келетінін көрсетеді, ол дегеніміз бұл мәндер арасындағы оң корреляция ұғымын береді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере келе, 2013 жылы салыстырмалы ылғалдылық пен озонның жалпы құрамы арасындағы, 2015 жылы температура пен озонның жалпы құрамы арасындағы оң корреляциялық байланысты көреміз. Жел жылдамдығы мен озонның жалпы құрамы арасындағы байланыс та оң корреляцияны көрсетеді. Басқа жағдайларда теріс корреляциялық байланыс байқалған.

Қорытынды

Тік ауа бағанындағы озонның (ОЖҚ) жалпы мөлшері атмосфералық озонның негізгі сипаттамасы болып табылады. Жердің жасанды серіктеріне орнатылған озонның жалпы құрамына өлшеу жабдықтарын белсенді қолданудың басталуымен обсерватория жағдайындағыдай жергілікті өлшеу ғана емес, сонымен қатар жер шарының бүкіл бетін жаһандық жабу мүмкіндігі пайда болды. Озонның жалпы құрамы туралы мәліметтер жүйелі түрде жарияланады, барлық ғалымдарға қол жетімді және әдебиеттерде егжей-тегжейлі қарастырылған.

Қорытындылай келе, келесідей тұжырымдамалар алынды:

– әр метеорологиялық фактор озон концентрациясының қалыптасуына ықпал етеді, әсіресе, озонның вертикальды таралуы атмосферадағы температураның вертикальды таралуымен тығыз байланысты;

– озонға бай стратосфералық массалар көбінесе суық тропосфералық ауа массаларының үстінде, ал озонға кедей стратосфералық массалар жылы тропосфералық массалардың үстінде орналасады;

– стратосфераның қатты қызуы әсерінен ауа температурасы мен ОЖҚ арасындағы оң байланыс анықталды, ал ол қалыпты жағдайда теріс байланысқа ие;

– неғұрлым озонның жалпы құрамының мәні жоғары болған сайын, салыстырмалы ылғалдылық мәні соғұрлым төмен болады;

– озон мен желдің бағыты арасындағы корреляция коэффициенттері көбінесе оң және ендікке аз тәуелді. Ары қарайғы зерттеулер статистикалық талдаудың көпөлшемді әдістерін (факторлық, кластерлік, бірнеше регрессиялық талдау) пайдалануды көздейді.

Әдебиеттер

Вопросы и ответы об озоновом слое // Озоновый центр, программа ООН по окружающей среде, 2010. – 79 с.

Bethan S., Vaughan G., Reid S.J. A comparison of ozone and thermal tropopause heights and the impact of tropopause definition on quantifying the ozone content of the troposphere // Quarterly J. Royal Meteorol. Society. – 1996. – Vol. 122. – P. 929–944.

Brasseur, G., and S. Solomon, Aeronomy of the Middle Atmosphere, 452 pp., D. Reidel, Norwell, Mass., 1984.

Canziani P.O., Compagnucci R.H., Bischoff S.A., Legnani W.E. A study of impacts of tropospheric synoptic processes on the genesis and evolution of extreme total ozone anomalies over Southern South America // J. Geophys. Res. – 2002. – Vol. 107. – P. 4741–4766.

Finger, F. G., R. M. Nagatani, M. E. Gelman, C. S. Long, and A. J. Miller, Consistency between variations of ozone and temperature in the stratosphere, Geophys. Res. Lett., *22* (24), 3477, 1995.

Hansen, J., Sato, M., Ruedy, R. (1997) Radiative forcing and climate response. J. Geophys. Res. Atmos., 102, 6831-6864. doi:10.1029/96JD03436.

Hoinka K. P., Claude H., Köhler U. On the correlation between tropopause pressure and ozone above Central Europe // Geophys. Res. Let. – 1996. – Vol. 23 (14). – P. 1753–1756.

Hudson R. D., Frolov A. D., Andrade M. F., Follette M.B. The total ozone field separated into meteorological regimes. Part I: defining the regimes // J. Atm. Sci. – 2003. – Vol. 60. – P. 1669–1677.

Martin Dameris, P.Fabian. Ozone in the atmosphere. Berlin, 2014, p 356.

Monks, P.S. A review of the observations and origins of the spring ozone maximum. // Atmos. Environment. V. 34. – P. 3545-3561, 2000.

Randell, W. J., Global variations of zonal mean ozone during stratospheric warming events, J. Atmos. Sci., *50* (19), 3308, 1993.

Steinbrecht W., Claude H., Köhler U., Hoinka K. P. Correlations between tropopause height and total ozone: Implications for long-term changes // J. Geophys. Res. – 1998. – Vol. 103. – P. 19183–19192.

Potemkin V.L., Potemkina T.G., Guseva E.A. Atmospheric ozone dynamics in highland, Вестник ИрГТУ, №3 (98) 2015, p. 38

Yu. Yu. Kulikov and V. G. Ryskin., Relation between ozone and temperature in the Arctic stratosphere. Institute of Applied Physics, Nizhny Novgorod, Russia., International Journal of Geomagnetism and Aeronomy, Vol 1, No. 3, August 1999, p. 89

Yung Y.L., Jiang Y., Liao H., Gerstell M.F., Enhanced UV penetration due to ozone cross-section changes induced by C02 doubling, Geophysical Research letters, vol.24, no24, p.3229-3231, December 15, 1997

Холопцев А.В., Никифорова М.П. Особенности статистической связи межгодовых изменений среднемесячных значений общего содержания озона и индексов грозовой активности над Украиной / Севастопольский национальный технический университет // Вісник Одеського державного екологічного університету, 2011, вип.12. – С. 57.

Иванова А.Р. Взаимосвязь динамики внетропической тропопаузы и резких междусуточных изменений общего содержания озона в период 2009–2011 гг. // Труды Гидрометеорологического научно-исследовательского центра Российской Федерации, 2013, n 347. – С. 146-147.

Александров Э.Л., Израэль Ю.А., Кароль И.Л., Хргиан А.Х. Озонный щит Земли и его изменения. – СПб.: Гидрометеоиздат. 1992. – 282 с.

Белоглазов М.И., Ермак А.А., Румянцев С.А., Ролдугин В.К. Некоторые результаты измерений содержания приземного озона на побережье Белого моря // Метеорология и гидрология. – 1998. – №10. – 65 с.

Вайоминг университетінің ресми сайты http://weather.uwyo.edu/

Голиков Р.А., Суржиков Д.В., Олещенко А.М., Кислицына В.В., Корсакова Т.Г., Мотуз И.Ю. Взаимосвязь между концентрациями озона и концентрациями компонентов промышленных выбросов в атмосферном воздухе // Научно-исследовательский институт комплексных проблем гигиены и профессиональных заболеваний, 2016. – С. 26-31.

Гущин Г.П., Виноградова Н.Н. Суммарный озон в атмосфере. – Л.: Гидрометеоиздат, 1983. – 237 с.

Зуев В.В., Зуева Н.Е. Влияние вариаций суммарного озона на изменение уровня солнечной УФ-В радиации // Оптика атмосферы и океана, 2006. Т.19. – №12: 1053-1061.

Кадыгрова Т. В., Фиолетов В. Э. Банк данных «Озонометрия» и статистическое описание поля общего содержания озона. Атмосферный озон. – М.: Гидрометеоиздат, 1990. – С. 63.

Солтаганов Н. А., Ботыгин И.А Корреляционный анализ метеорологических данных / Томский политехнический университет // XV Международная научно-практическая конференция студентов аспирантов и молодых учёных «Молодёжь и современные информационные технологии», 2017. – С. 199-200.

Демин В.И., Белоглазов М.И., Еланский Н.Ф. О связи приземной концентрации озона и высоты слоя перемешивания // Оптика атмосферы и океана. Том 17. – 2004. – № 8. – С. 662-665.

Ромашкина К.И., Шаламянский А.М. Некоторые вопросы методики измерения содержания озона на сети озонометрических станций //Труды ГГО. Вып. 445. – 1980. – С. 72.

Селегей Т. С., Филоненко Н. Н., Ленковская Т. Н. Изменчивость содержания приземного озона в атмосферном воздухе Новосибирска и его зависимость от метеорологических факторов // Академическое издательство «Гео», 2011. – С. 88.

Селегей Т.С. Влияние метеорологических факторов на формирование концентраций приземного озона в г. Новосибирске // Труды СибНИГМИ, 2007, вып. 15. – С. 46.

Тимофеева С.С., Латышева И.В., Потемкин В.Л. Динамика грозовой активности и ее влияние на вариации озона в регионе оз. Байкал // Вестник ИрГТУ. – 2008. – № 2 (34). – С. 24–27.

Хргиан А.Х., Еланский Н.Ф. Атмосферный озон. – М.: Изд. МГУ, 1983. – 156 с.

References

«Voprosy i otvety ob ozonovom sloe» (2010) // Ozonovyj centr, programma OON po okruzhajushhej srede, [Questions and answers about the ozone layer],79 s.

Bethan S., Vaughan G., Reid S.J. (1996) A comparison of ozone and thermal tropopause heights and the impact of tropopause definition on quantifying the ozone content of the troposphere // Quarterly J. Royal Meteorol. Society. – Vol. 122. – P. 929–944.

Brasseur, G., and S. Solomon. (1984) Aeronomy of the Middle Atmosphere, 452 pp., D. Reidel, Norwell, Mass.

Canziani P.O., Compagnucci R.H., Bischoff S.A., Legnani W.E. (2002) A study of impacts of tropospheric synoptic processes on the genesis and evolution of extreme total ozone anomalies over Southern South America // J. Geophys. Res. – Vol. 107. – P. 4741–4766.

Finger, F. G., R. M. Nagatani, M. E. Gelman, C. S. Long, and A. J. Miller. (1995) Consistency between variations of ozone and temperature in the stratosphere, Geophys. Res. Lett., 22 (24), 3477.

Hansen, J., Sato, M., Ruedy, R. (1997) Radiative forcing and climate response. J. Geophys. Res. Atmos., 102, 6831-6864. doi:10.1029/96JD03436.

Hoinka K. P., Claude H., Köhler U. (1996) On the correlation between tropopause pressure and ozone above Central Europe // Geophys. Res. Let. – Vol. 23 (14). – P. 1753–1756.

Hudson R. D., Frolov A. D., Andrade M. F., Follette M.B. (2003) The total ozone field separated into meteorological regimes. Part I: defining the regimes // J. Atm. Sci. – Vol. 60. – P. 1669–1677.

Martin Dameris, P. Fabian. (2014) Ozone in the atmosphere. Berlin, p. 356.

Monks, P.S. (2000) A review of the observations and origins of the spring ozone maximum. // Atmos. Environment. V. 34, P.3545-3561.

Randell, W. J. (1993) Global variations of zonal mean ozone during stratospheric warming events, J. Atmos. Sci., 50 (19), 3308.

Steinbrecht W., Claude H., Köhler U., Hoinka K. P. (1998) Correlations between tropopause height and total ozone: Implications for long-term changes // J. Geophys. Res. – Vol. 103. – P. 19183–19192.

Potemkin V.L., Potemkina T.G., Guseva E.A. (2015) Atmospheric ozone dynamics in highland, Vestnik IrGTU, №3 (98), r. 38

Yu. Yu. Kulikov and V. G. Ryskin. (1999) Relation between ozone and temperature in the Arctic stratosphere. Institute of Applied Physics, Nizhny Novgorod, Russia., International Journal of Geomagnetism and Aeronomy, Vol 1, No. 3, August r. 89

Yung Y.L., Jiang Y., Liao H., Gerstell M.F. (1997) Enhanced UV penetration due to ozone cross-section changes induced by C02 doubling, Geophysical Research letters, vol.24, no24, p.3229-3231, December 15.

Holopcev A.V., Nikiforova M.P. (2011) Sevastopol'skij nacional'nyj tehnicheskij universitet, Osobennosti statisticheskoj svjazi mezhgodovyh izmenenij srednemesjachnyh znachenij obshhego soderzhanija ozona i indeksov grozovoj aktivnosti nad Ukrainoj // Visnik Odes'kogo derzhavnogo ekologichnogo universitetu , [Features of statistical relationship between annual changes in monthly average values of total ozone and thunderstorm activity indices over Ukraine], vip.12, str 57.

Ivanova A.R. (2013) Vzaimosvjaz' dinamiki vnetropicheskoj tropopauzy i rezkih mezhdusutochnyh izmenenij obshhego soderzhanija ozona v period 2009–2011 gg. // Trudy Gidrometeorologicheskogo nauchno-issledovatel'skogo centra Rossijskoj Federacii, [Relationship between the dynamics of the extratropical tropopause and sharp inter-day changes in the total ozone content in the period 2009-2011], n 347, 146-147 str

Aleksandrov Je.L., Izrajel' Ju.A., Karol' I.L., Hrgian A.H. (1992) Ozonnyj shhit Zemli i ego izmenenija [Earth's ozone shield and its changes] SPb.: Gidrometeoizdat. – 282 s.

Beloglazov M.I., Ermak A.A., Rumjancev S.A., Roldugin V.K. (1998) Nekotorye rezul'taty izmerenij soderzhanija prizemnogo ozona na poberezh'e Belogo morja. // Meteorologija i gidrologija. [Some results of measurements of ground-level ozone on the White sea coast] - №10. – 65 s.

Vajoming universitetinің resmi sajty http://weather.uwyo.edu/ [Official website of the University of Wyoming]

Golikov R.A., Surzhikov D.V., Oleshhenko A.M., Kislicyna V.V., Korsakova T.G., Motuz I.Ju. (2016) Vzaimosvjaz' mezhdu koncentracijami ozona i koncentracijami komponentov promyshlennyh vybrosov v atmosfernom vozduhe // Nauchno-issledovatel'skij institut kompleksnyh problem gigieny i professional'nyh zabolevanij, [Relationship between ozone concentrations and concentrations of industrial emissions components in atmospheric air], 26-31 str

Gushhin G.P., Vinogradova N.N. (1983) Summarnyj ozon v atmosfere, [Total ozone in the atmosphere] L., Gidrometeoizdat, 237 s.

Zuev V.V., Zueva N.E. (2006) Vlijanie variacij summarnogo ozona na izmenenie urovnja solnechnoj UF-V radiacii [Influence of variations in total ozone on changes in the level of solar UV-B radiation] // Optika atmosfery i okeana, T.19. №12: 1053-1061.

Kadygrova T. V., Fioletov V. Je. (1990) Bank dannyh "Ozonometrija" i statisticheskoe opisanie polja obshhego soderzhanija ozona [Ozonometry data Bank and statistical description of the total ozone content field] Atmosfernyj ozon. – M., Gidrometeoizdat, str 63

Soltaganov N. A., Botygin I. A. (2017) Korreljacionnyj analiz meteorologicheskih dannyh [Correlation analysis of meteorological data] // Tomskij politehnicheskij universitet XV Mezhdunarodnaja nauchno-prakticheskaja konferencija studentov aspirantov i molodyh uchjonyh «Molodjozh' i sovremennye informacionnye tehnologii», 199-200 str

Demin V.I., Beloglazov M.I., Elanskij N.F. (2004) O svjazi prizemnoj koncentracii ozona i vysoty sloja peremeshivanija [On the relationship between the ground-level ozone concentration and the mixing layer height] //Optika atmosfery i okeana, tom 17, N 8, str.662-665.

Romashkina K.I., Shalamjanskij A.M. (1980) Nekotorye voprosy metodiki izmerenija soderzhanija ozona na seti ozonometricheskih stancij [Some questions of the method of measuring the ozone content on the network of ozonometric stations] //Trudy GGO. Vyp. 445, str 72.

Selegej T. S., Filonenko N. N., Lenkovskaja T. N. (2011) Izmenchivost' soderzhanija prizemnogo ozona v atmosfernom vozduhe Novosibirska i ego zavisimost' ot meteorologicheskih faktorov [Variability of ground-level ozone content in the atmospheric air of Novosibirsk and its dependence on meteorological factors] // Akademicheskoe izdatel'stvo «Geo», str 88

Selegej T.S. (2007) Vlijanie meteorologicheskih faktorov na formirovanie koncentracij prizemnogo ozona v g. Novosibirske [Influence of meteorological factors on the formation of ground-level ozone concentrations in Novosibirsk]// Trudy SibNIGMI, vyp. 15, str 46

Timofeeva S.S., Latysheva I.V., Potemkin V.L. (2008) Dinamika grozovoj aktivnosti i ee vlijanie na variacii ozona v regione oz. Bajkal [Dynamics of thunderstorm activity and its influence on ozone variations in the oz region. Baikal] // Vestnik IrGTU. № 2 (34). s. 24–27.

Hrgian A.H., Elanskij N.F. (1983) Atmosfernyj ozon. [Atmospheric ozone]. – M.: Izd. MGU. – 156 s.

3-бөлім

РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ТУРИЗМ

Section 3

RECREATION GEOGRAPHY AND TOURISM

Раздел 3

РЕКРЕАЦИОННАЯ ГЕОГРАФИЯ И ТУРИЗМ

IRSTI 71.37.75 https://doi.org/10.26577/JGEM.2020.v59.i4.04

A.M. Sergeyeva, M.Zh. Omirzakova*

Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Kazakhstan, Aktobe,
*e-mail: mira_29.95@mail.ru

INTEGRATED ASSESSMENT OF THE TOURIST-RECREATIONAL POTENTIAL IN THE AKTOBE OBLAST

Assessment of the tourist-recreational potential of the Aktobe oblast is the main tool for determining the prospects for its development and strategic planning. The article presents the methodology and results of assessing the potential of tourist and recreational development of the Aktobe oblast. The integrated assessment of the tourist-recreational potential in the Aktobe oblast includes a criteria basis for evaluating three groups of tourism development resources: natural and climatic, historical and cultural, and socio-economic. Taking into account the lack of statistical indicators, the article analyzes the potential of tourism in the districts of Aktobe oblast on the basis of evaluation criteria selected using the General balance method. The tourist-recreational potential of natural and cultural resources of the Aktobe oblast has features that affect the development of the territorial organization of tourism. The objects of cultural and historical heritage that have been preserved to date reflect the identity of the Aktobe oblast. A thorough analysis of the results of the assessment of tourist and recreational activities of the oblast, competent work and investment give an idea of the territories where new tourist facilities may appear. As a result of the analysis, it turned out that these resources are located unevenly, and a high level of tourism development in the context of natural and climatic resources of the oblast is revealed in the service of tourists. The results of the analysis can be used to solve organizational and managerial tasks for the balanced development of tourism at the oblastal and local levels.

Key words: tourist and recreational potential, integrated assessment, natural and climatic resource, historical and cultural resource, socio-economic resource, Aktobe oblast.

А.М. Сергеева, М.Ж. Өмірзақова*

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Қазақстан, Ақтөбе қ.
*e-mail: mira_29.95@mail.ru

Ақтөбе облысының туристік-рекреациялық әлеуетіне интегральды баға беру

Ақтөбе облысының туристік-рекреациялық әлеуетін бағалау оның даму болашағы мен стратегиялық жоспарлауды анықтаудың негізгі құралы болып табылады. Мақалада Ақтөбе облысының туристік-рекреациялық даму әлеуетін бағалау әдістемесі мен нәтижелері көрсетілді. Ақтөбе облысының туристік-рекреациялық әлеуетіне интегральды баға беруде туризмді дамыту ресурстарының үш тобы бағалаудың критерийлік негізін қамтыды: табиғи-климаттық, тарихи-мәдени және әлеуметтік-экономикалық. Статистикалық көрсеткіштердің жетіспеушілігін ескере отырып, мақалада жалпы теңгерім әдісін қолдану арқылы таңдап алынған бағалау өлшемдерінің негізінде Ақтөбе облысының аудандарындағы туризмнің әлеуеті талданып сараланды. Ақтөбе облысының табиғи және мәдени ресурстарының туристік әлеуеті туризмді аумақтық ұйымдастырудың дамуына әсер ететін ерекшеліктерге ие. Қазіргі уақытқа дейін сақталған мәдени және тарихи мұра нысандары Ақтөбе облысының өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Облыстың туристік-рекреациялық әрекетін бағалау нәтижелерін мұқият талдау, сауатты жұмыс істеу және инвестициялау кезінде жаңа туристік объектілер пайда болуы мүмкін аумақтар туралы мағлұмат береді. Жүргізілген талдау нәтижесінде туристік ресурстардың біркелкі орналаспағаны белгілі болды, туристерге қызмет көрсетуде облыстың табиғи-климаттық ресурстар контексінде туризм дамуының жоғары деңгейі анықталды. Зерттелген талдау нәтижелері аймақтық және жергілікті деңгейлерде туризмнің теңгерімді дамыту үшін ұйымдастырушылық және басқарушылық мәселелерді шешу үшін қолдануға болады.

Түйін сөздер: туристік-рекреациялық әлеует, интегральды бағалау, табиғи климаттық ресурс, тарихи-мәдени ресурс, әлеуметтік-экономикалық ресурс, Ақтөбе облысы.

 © 2020 Al-Farabi Kazakh National University

А.М. Сергеева, М.Ж. Омирзакова*
Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Казахстан, г. Актобе,
*e-mail: mira_29.95@mail.ru

Интегральная оценка туристско-рекреационного потенциала Актюбинской области

Оценка туристско-рекреационного потенциал Актюбинской области является основным инструментом определения перспектив ее развития и стратегического планирования. В статье представлены методика и результаты оценки потенциала туристско-рекреационного развития Актюбинской области. Интегральная оценка туристско-рекреационного потенциала Актюбинской области включает в себя критериальную основу оценки трех групп ресурсов развития туризма: природно-климатических, историко-культурных и социально-экономических. Из-за отсутствия статистических показателей в статье проанализирован потенциал туризма в районах Актюбинской области на основе критериев оценки, выбранных с использованием метода общего баланса. Туристский потенциал природных и культурных ресурсов Актюбинской области имеет особенности, влияющие на развитие территориальной организации туризма. Сохранившиеся до настоящего времени объекты культурного и исторического наследия отражают самобытность Актюбинской области. Данный анализ результатов оценки туристско-рекреационной деятельности области, грамотная работа и инвестирование дают представление о территориях, на которых могут появиться новые туристские объекты. В результате проведенного анализа выяснилось, что туристские ресурсы распространены неравномерно и в контексте природно-климатических ресурсов области выявлен высокий уровень развития туризма. Результаты изученного анализа могут быть использованы для решения организационно-управленческих задач по сбалансированному развитию туризма на региональном и местном уровнях.

Ключевые слова: туристско-рекреационный потенциал, комплексная оценка, природно-климатический ресурс, историко-культурный ресурс, социально-экономический ресурс, Актюбинская область.

Introduction

In the context of the developing tourism market in Kazakhstan, the role of scientific justification of preparation and decision-making in the management of oblastal resources for tourism development is increasing. To justify decisions in the field of managing the resource potential of oblasts, it is important to take into account a sufficiently large number of factors and conditions that directly affect the development of the tourism industry in the Aktobe oblast.

Recently, the number of publications covering methodological approaches to the analysis and evaluation of tourism resources has increased significantly, but there is no consensus on how to correctly and effectively evaluate tourism resources. The scientific literature presents methods for evaluating individual tourist resources: natural, cultural and historical, and tourism infrastructure. It is necessary to allocate such authors as K. V. Kruzhalin, A. S. Kuskov, M. A. Sarancha, N. V. Shabalina, etc.(Kruzhalin V. I., 2011, Kuskov A. S., 2008, Sarancha M. A., 2011, Shabalina N. V., 2012). There are also methods for assessing the tourist resources of Kazakh researchers A. Aktymbayeva, Zh. Alieva, R. Plokhikh, O. Mazbayev and others Aktymbayeva, (2017), Aliyeva Zh., (2020), Plokhikh R. V. (2017), Mazbayev O. B. (2020).

Resources for the development of tourism in the oblast is a broader concept than «tourist resources», which, in addition to tourism facilities, also includes the conditions necessary for servicing tourists, affecting the quality of tourist products, forming the image of the oblast and determining the effectiveness of tourist activities in the oblast. It is the availability of tourism development resources, and not just individual tourist resources (objects) that allows you to form a tourism industry in the oblast and get a multiplier effect from its development (Aktymbayeva, 2017).

Tourism development resources can be divided into 3 groups:

– natural and climatic resources (climatic conditions, landscape, water and mineral resources, flora, fauna, individual natural monuments, etc.);

– historical and cultural resources (material and intangible cultural heritage of the oblast);

– socio-economic resources (tourism resources, human and educational resources, material, financial and information resources).

In recent decades, countries and individual oblasts have used the tourism potential of territories to increase their tourist attractiveness. An effective way to solve the problem of conceptualizing the tourist potential of the territory in the field of tourism when organizing free tourist zones in developing

territories. Tourism potential is a combination of various material and non-material potentials that form tourist interest in a given territory, which are the basis of tourism activities for the production of tourist products and their consumption, as well as for the management, control and development of production and consumption of the tourist and food complex of the territory in accordance with the principles of sustainable economic development (Ushakova E. O., 2013).

Tourist-recreational potential of the territory is determined by internal and external factors. Internal factors include tourist infrastructure (collective tourist accommodation facilities, catering establishments, tourist organizations engaged in the formation, promotion and sale of tourist products, sports and recreational infrastructure); tourist resources (natural, historical and cultural); the management system of the tourist territory (administrative and managerial institutions that coordinate the development of tourism, marketing of the tourist territory, development of the level of interaction of tourism industry enterprises). External factors should be taken into account separately, which can be divided into groups of regulatory factors, economic, geopolitical, tourist demand, and the environmental situation in the tourist area. As part of the study, we will primarily be interested in internal factors, since they are the basis that forms the tourist-recreational potential of the territory, economic, geopolitical, tourist demand and environmental situation in the tourist area (Sobirov B., 2019).

Research materials and methods

There are many types of methodology aimed at assessing tourist-recreational potential based on the goals developed for them.Within the framework of these qualification data, the assessment of the tourist and recreational method according to the method of E. Y. Kolbovsky is the most effective and allows us to form a holistic picture of the development of tourist activities and recreational activities that most effectively meet the needs of recreants (Kolbovsky E. Y., 2006). Description of the most attractive objects of natural and historical and cultural heritage, which form the basis for the formation of tourist-recreational potential, the nature of the territories as a destination creates promising opportunities for general decision-making.

The paper offers a method of comprehensive assessment of resources for tourism development in the oblast, which is formed on the basis of a General methodology for assessing the tourist-recreational potential. A list of evaluation criteria and parameters for 3 groups of tourism development resources has been compiled (Aliyeva S., 2019). Collection of information required for evaluation. Processing secondary information (primarily statistical information provided by the oblastal statistical office and oblastal tourism management bodies, reporting documents of the oblastal tourism management body) and collecting primary information (conducting surveys and expert evaluation). The calculation of private indicators of tourist-recreational potential for groups of resources: natural and climatic, historical and cultural, and socio-economic. The authors use a ranking and rating scale system.

Calculation of the integral indicator of tourist-recreational potential in the oblast. Verification, correction of the assessment results and interpretation of the results of the assessment of the tourist-recreational potential resources in the oblast. Based on the comparison of the obtained indicators of tourist-recreational potential by resource groups, it is possible to determine the position of the oblast in the tourism market and predict its development strategy. For example, if the value of the potential of natural and climatic resources average or above average and well above potential socio-economic resources the index of historical and cultural resources is extremely low, in this case it is possible to develop natural resources-oriented types of tourism-health-improving, recreational, ecotourism. This will require significant investment in tourism infrastructure and government support for the industry.

Карта факторов управления посевами (рис. 8) была подготовлена на основе карты землепользования и земельного покрова исследуемой территории. Земельный покров бассейна реки Жыланды был классифицирован по трем классам землепользования и земельного покрова, а именно: лесная площадь, пахотные земли и пастбища. Это основные особенности землепользования и земного покрова в бассейне реки Жыланды. Изображение со спутника Landsat-8 было обработано для выделения этих 3 классов землепользования и земного покрова с использованием метода контролируемой классификации. Метод контролируемой классификации – это метод, который требует наземной достоверной информации для каждой категории землепользования и земельного покрова, собранной с использованием глобальной системы позиционирования (GPS) и обученной алгоритму извлечения этих трех землепользований и земельного покрова. Общая точность контролируемого метода классификации составила около 82%. Были рассчитаны площади, связанные с каждым классом землепользования и земного покрова, и были присвоены C-факторы (Таб. 3) (рис. 9). C-значения использовались в настоящем исследовании, предложенном Kim et al. (2005). Карта землепользования-земельного покрова была реклассифицирована на основе значения C-фактора для создания карты C-фактора.




Рисунок 8 – Сельскохозяйственные угодья бассейна реки Жыланды




Рисунок 9 – С-фактор бассейна реки Жыланды

Фактор природоохранной поддержки (P)

Фактор природоохранной практики (P) представляет собой отношение потери почвы при использовании вспомогательной техники к потере почвы при выращивании в прямом ряду вверх и вниз по склону и используется для учета положительного воздействия этих вспомогательных методов. Фактор P учитывает методы контроля, которые снижают эрозионный потенциал стока за счет их влияния на структуру дренажа, концентрацию стока, скорость стока и гидравлические силы, оказываемые стоком на почву. Значение коэффициента P варьируется от 0 до 1, значение, приближающееся к 0, указывает на хорошую практику сохранения, а значение, приближающееся к 1, указывает на плохую практику сохранения. Поскольку отсутствуют полевые данные о методах сохранения, которые применялись в бассейне реки Жыланды, основное значение P-фактора было принято за 0,5, поскольку большая часть исследуемой территории покрыта пашнями.

Результаты исследования

В рамках моделирования RUSLE эрозионность дождя, эродируемость почвы и топографические факторы могут рассматриваться как естественные факторы, определяющие процессы эрозии на сельскохозяйственные угодья и другие используемые и неиспользуемые земли. Вместе они могут рассматриваться как подверженность эрозии или потенциальная эрозия почвы для данного района.

Коэффициенты всех факторов рассчитывались по формуле RUSLE и определялась степень эрозии почв в бассейне реки.

Ранее данные для каждого фактора основывались на универсальной формуле, разработанной Wischmeier, Smith в таблице атрибутов ArcGis 10.4, и в результате было рассчитано и нанесено на карту значение фактора A, то есть выщелачивания в результате водной эрозии почвы (Рис. 8, 10).




Рисунок 10 – Показатель смыва почв бассейна реки Жыланды

Выводы

Эмпирические модели эрозии почвы, хотя и относительно просты, легко интерпретируются физически, требуют минимальных ресурсов и могут быть разработаны с легкодоступными исходными данными для точного определения участков, подверженных высокому риску эрозии. В этом документе демонстрируется применение эмпирической модели эрозии почвы, такой как RUSLE, интегрированной с ГИС, для оценки потенциала эрозии почвы и потенциальных зон в бассейне реки Жыланды. Также была предпринята попытка изучить влияние изменений в землепользовании и земном покрове на скорость эрозии. Анализ и результаты показывают, что среднегодовая потеря почвы, оцененная с использованием модели RUSLE, составляет около 189,17 т/год в бассейне реки Жыланды.

Темно-коричневыми тонами на карте выделены участки с высокими показателями промывки. Таким образом, около 74% обрабатываемых земель подвержены водной эрозии. Согласно карте, пахотные земли, в том числе с относительно большим количеством осадков и тяжелосуглинистым механическим составом, имеют высокую скорость выщелачивания – 1,3-1,6 т/га в год и относительно низкую скорость вымывания пастбищ и лесов – 0,001-0,02 т/га в год. Установлено, что количество осадков относительно невелико, а механический состав почв в суглинистых и тяжелосуглинистых почвах различного состава умеренный (Рис. 11).

62% площади бассейна подвержены промывкам 1 374–1631 т/га в год, 13% – промывкам 0,021–1373 т/га в год, а 25% земель подвержены водной эрозии при 0,001–0,001 т/га в год. Максимальное значение выщелачивания составляет 1,631 т/га в год. Это значение соответствует пахотной земле и занимает 7,5% бассейна (Рис. 13). На основании этих данных можно определить точный уровень эрозии почв в бассейне реки Жыланды и зону максимальной промывки. На основании этих данных можно организовывать мероприятия по предотвращению эрозии почв.




Рисунок 11 – Процентное выражение эрозии почв в бассейне реки Жыланды

Факторы, которые можно изменить: C и P.

Фактор LS имеет относительно небольшое влияние на эрозию почвы на разрабатываемой территории, чем в высокогорье. Однако можно построить террасы, чтобы уменьшить длину откоса, что приведет к меньшим потерям почвы. Но строительство террас потребует дополнительных вложений и создаст определенные неудобства в сельском хозяйстве. Для этого необходимо предварительно изучить другие методы защиты почвы.

Выбор типов культур и методов обработки почвы, обеспечивающих минимально возможный фактор, приведет к меньшей эрозии почвы. Для этого необходимо изменить способы обработки пашни в бассейне. В частности, необходимо заменить тип плуговой вспашки методом зональной обработки почвы или гребневой обработки. Фактор P напрямую определяется человеческой поддержкой обработки почвы. Здесь минимальная скорость эрозии может быть достигнута с помощью методов резки полосы и контурной обработки.

Литература

Деградация и охрана почв : монография / Г. В. Добровольский [и др.] ; под ред. Г. В. Добровольского – М. : Изд-во МГУ, 2002. – 654 с.

Гендугов, В. М. Ветровая эрозия почвы и запыление воздуха / В. М. Гендугов, Г. П. Глазунов. – М. : Физматлит, 2007. – 240 с.

Демидов, В. В. Закономерности формирования эрозионных процессов при снеготаянии в лесостепной зоне центральной России: теория и экспериментальные исследования : монография / В. В. Демидов. – Новосибирск : Изд-во ЦРНС, 2016. – 62 с.

Заславский, М. Н. Эрозиоведение : учебник для геогр. и почв. спец, вузов / М. Н. Заславский. – М. : Высшая школа, 1983. – 320 с.

Кузнецов, М. С. Физические основы эрозии почв / М. С. Кузнецов, Г. П. Глазунов, Е. Ф. Зорина ; Моск. гос. ун-т им. М. В. Ломоносова. – М. : Изд-во МГУ, 1992. – 95 с.

Куст, Г. С. Деградация земель и устойчивое землепользование : слов.-справ. / Г. С. Куст, О. В. Андреева, И. С. Зонн – М. : Перо, 2018. – 107 с.

Ларионов, Г. А. Эрозия и дефляция почв : основные закономерности и количественные оценки / Г. А. Ларионов. – М. : Изд-во МГУ, 1993. – 200 с.

Мирцхулава, Ц. Е. Основы физики и механики эрозии русел / Ц. Е. Мирцхулава. – Л.: Гидрометеоиздат, 1988. – 303 с.

Моделирование эрозионных процессов на территории малого водосборного бассейна: монография / А. С. Керженцев [и др.] ; отв. ред. А. С. Керженцев, Р. Майснер ; Рос. акад. наук, Ин-т фундам. пробл. биол. – М. : Наука, 2006. – 224 с.

Воронин, А. Д. Опыт оценки противоэрозионной стойкости почв / А. Д. Воронин, М. С. Кузнецов // Эрозия почв и русловые процессы. Вып. 1. – М., 1970. – С. 99-115.

Гаврилица, А. О. Эрозионные процессы при поливе дождеванием и пути их минимизации / А. О. Гаврилица // Почвоведение. – 1993. – № 1. – С. 77-84.

Заславский, М. Н. Эрозия почв / М. Н. Заславский. – М.: Мысль, 1979. – 245 с.

Маккавеев, Н. И. Русло реки и эрозия в ее бассейне / Н. И. Маккавеев ; АН СССР, Ин-т геогр. – М.: АН СССР, 1955. – 348 с.

Мирцхулава, Ц. Е. Размыв русел и методика оценки их устойчивости / Ц. Е. Мирцхулава. – М.: Колос, 1967. – 179 с.

Мирцхулава, Ц. Е. Инженерные методы расчета и прогноза водной эрозии / Ц. Е. Мирцхулава. – М.: Колос, 1970. – 239 с.

Wischmeier, W.H., Smith, D.D., 1978. Predicting Rainfall Erosion Losses: a Guide to Conservation Planning. Agriculture Handbook 282. USDA-ARS, USA.

Kim, H.S., 2006. Soil Erosion Modeling Using RUSLE and GIS on the IMHA Watershed, South Korea. Doctoral dissertation. Colorado State University, USA.

Wischmeier, W. H. Predicting rainfall erosion losses / W. H. Wischmeier, D. D. Smith // US Dept, of Agric. Handbook. – 1978. – № 537. – 65 p.

Жыланды // Казахстан. Национальная энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. – Т. II.

References

Dobrovol'skij G.V. [i dr.], pod red. Dobrovol'skogo G.V. (2002) Degradaciya i ohrana pochv: monografiya [Soil degradation and protection: monograph]. – M. : Izd-vo MGU,. – 654 s.

Gendugov V.M., Glazunov G.P. (2007) Vetrovaya eroziya pochvy i zapylenie vozduha [Wind soil erosion and air dusting]. – M. : Fizmatlit, – 240 s.

Demidov V.V. Zakonomernosti formirovaniya erozionnyh processov pri snegotayanii v lesostepnoj zone central'noj Rossii: teoriya i eksperimental'nye issledovaniya : monografiya.(2016) [Regularities of the formation of erosion processes during snow melting in the forest-steppe zone of central Russia: theory and experimental research: monograph] – Novosibirsk: Izd-vo CRNS, – 62 s.

Zaslavskij M.N. (1983) Eroziovedenie : uchebnik dlya geogr. i pochv. spec, vuzov [Erosiology: a textbook for geogr. and soils. specialist, universities]. – M. : Vysshaya shkola, – 320 s.

Kuznecov M.S., Glazunov G.P., Zorina E. F. (1992) Fizicheskie osnovy erozii pochv [Physical basis of soil erosion]. Moek. gos. un-t im. M. V. Lomonosova. – M. : Izd-vo MGU, – 95 s.

Kust G.S., Andreeva O.V., Zonn I.S. (2018) Degradaciya zemel' i ustojchivoe zemlepol'zovanie : slov.-sprav [Land degradation and sustainable land use: diction.-ref.]. – M. : Pero, – 107 s.

Larionovt G.A. (1993) Eroziya i deflyaciya pochv : osnovnye zakonomernosti i kolichestvennye ocenki [Soil erosion and deflation: basic patterns and quantitative estimates]. M. : Izd-vo MGU, – 200 s.

Mirckhulava C.E. (1988) Osnovy fiziki i mekhaniki erozii rusel [Fundamentals of physics and mechanics of channel erosion]. – L.: Gidrometeoizdat, – 303 s.

Kerzhencev A.S. [i dr.]; otv. red. Kerzhencev A.S, Majsner R. (2006) Modelirovanie erozionnyh processov na territorii malogo vodosbornogo bassejna: monografiya [Modeling of erosion processes on the territory of a small drainage basin: monograph] Ros. Akad7. nauk, In-t fundam. probl. biol. – M. : Nauka, – 224s.

Voronin A.D., Kuznecov M.S. (1970) Opyt ocenki protivoerozionnoj stojkosti pochv [Experience in assessing soil erosion resistance]// Eroziya pochv i ruslovye processy. Vyp. 1. – M., – S. 99-115.

Gavrilica A.O. (1993) Erozionnye processy pri polive dozhdevaniem i puti ih minimizacii [Erosion processes during sprinkling and ways to minimize them]// Pochvovedenie. – № 1. – S. 77-84.

Zaslavskij, (1979) M. N. Eroziya pochv [Soil erosion] M.: Mysl', – 245 s.

Makkaveev N.I. (1955) Ruslo reki i eroziya v ee bassejne; [River bed and erosion in its basin;] AN SSSR, In-t geogr. - M.: AN SSSR, - 348 s.

Mirckhulava C.E. (1967) Razmyv rusel i metodika ocenki ih ustojchivosti [Erosion of channels and methods for assessing their stability] - M.: Kolos, - 179 s.

Mirckhulava C.E. (1970) Inzhenernye metody rascheta i prognoza vodnoj erozii [Engineering methods for calculating and forecasting water erosion]/ - M.: Kolos, - 239 s.

Wischmeier W.H., Smith, D.D. (1978) Predicting Rainfall Erosion Losses: a Guide to Conservation Planning. Agriculture Handbook 282. USDA-ARS, USA.

Kim H.S. (2006) Soil Erosion Modeling Using RUSLE and GIS on the IMHA Watershed, South Korea. Doctoral dissertation. Colorado State University, USA.

Wischmeier W. H. (1978) Predicting rainfall erosion losses / W. H. Wischmeier, D. D. Smith // US Dept, of Agric. Handbook. - - № 537. - 65 p.

ZHylandy // Kazahstan. Nacional'naya enciklopediya. - Almaty: Қazaқ enciklopediyasy, 2005. - T. II.

ҒТАМР 39.01.94 https://doi.org/10.26577/JGEM.2020.v59.i4.

С.Қ. Әлімқұлов[1], Н.Е. Молдаханова[1,2*]

[1]«География және су қауіпсіздігі институты», АҚ, Қазақстан, Алматы қ.
[2]Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті (Сәтбаев Университеті), Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: naili_82@mail.ru

ІЛЕ ӨЗЕНІ АТЫРАУЫНЫҢ СУЛЫ-БАТПАҚТЫ АЛҚАПТАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Мақалада Іле өзені атырауындағы сулы-батпақты алқаптардың көпжылдық динамикасын зерттеу нәтижелері келтірілген.

Іле өзені атырауындағы сулы-батпақты жерлердің дағдарысы қазіргі кезде маңызды экологиялық мәселе болып табылады. Іле өзені суының азаюы және аймақтағы құрғақшылық, антропогендік іс-әрекеттер салдарынан өткен ғасырда, әсіресе, соңғы бес-онжылдықта атыраудаға сулы-батпақты алқаптар дағдарысқа ұшырауда. Зерттеу нәтижелері көрсеткеніндей, сулы-батпақты ортаның өзгерістері атыраудың барлық аумағын қамтыды, яғни, сулы жерлердің азаюы, сол себепті сулы-батпақты ортаның жойылуы және сор аумақтарының ұлғаюы салдарынан аумақта зор экологиялық жағдай орын алуда.

Іле өзені атырауының үлкен аумақты алып жатқанын ескере отырып, зерттеу барысында қашықтықтан барлау әдістері, сондай-ақ осы өңірде бұрын жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижелері қолданылды. Зерттеу мәліметтері ретінде 1958 жылдан 1975 жылға дейін аэрофотосуреттерді дешифрлеу әдісімен бұрын жүргізілген зерттеулердің нәтижелері, 1980 жылдан 2015 жылға дейін Landsat ғарыштық аппаратынан алынған деректер пайдаланылды. Сонымен қатар, ғарыштық суреттерден алынған мәліметтерді дәлдігін айқындау мақсатында зерттеу аумағында тікелей далалық жұмыстарының кешені жүргізілді.

Іле өзені атырауының соңғы жылдардағы ғарыштық түсірілімдеріне қарай отырып атыраудың тіпті бас бөлігінің өзі ерте көктемде табиғи жолмен суланбайтынын көреміз, соған сәйкес қазіргі атыраудың болашақтағы экологиялық жағдайы толығымен өзен суын реттеп жіберуге тікелей байланысты болмақ.

Түйін сөздер: ақпараттық жүйе, аэрофотосуреттер, географиялық дешифрлеу, ғарыштық түсірілімдер, сулы-батпақты алқаптар, сулы жерлер, өзен атырауы, экожүйе, экология.

S.K. Alimkulov[1], N.E. Moldakhanova[1,2*]

[1]Institute of Geography and Water Security, JSC, Kazakhstan, Almaty
[2]Satbayev University, KazNRTU after K.I. Satpayev, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: naili_82@mail.ru

Ecological state of the wetlands of Ile River delta

The article presents the results of research on the long-term dynamics of wetlands in the Ile River delta.

Degradation of the wetland environment in the Ile delta is currently an important environmental problem. Due to the decline in the water of the Ile River, droughts and anthropogenic activities in the region in the last century, especially in the last five decades, have led to the degradation of wetlands. The results of the study show that changes in wetlands cover the entire delta area, that is, a decrease in surface water and, therefore, the disappearance of wetlands and an increase in dry land.

Given the fact that the delta of the Ile River occupies a large area, remote sensing methods, as well as the results of previous research in the region were widely used in the study. As research data, we used the results of earlier studies performed by the method of interpreting aerial photographs of the study area from 1958 to 1975. From 1985 to 2015 data from the Landsat satellite were used. In addition, a set of direct field work in the study area to determine the accuracy of the data obtained from space images was carried out.

Looking at recent satellite images of the Ili river Delta, we can see that even the main part of the Delta is not naturally moistened in early spring, so the future ecological state of the current Delta will depend entirely on river water regulation.

Key words: geographic information systems, aerial photography, photographic interpretation, space imagery, wetlands, surface waters, river delta, ecosystems, ecology.

 © 2020 Al-Farabi Kazakh National University

С.К. Алимкулов[1], Н.Е. Молдаханова[1,2*]
[1]АО «Институт географии и водной безопасности», Казахстан, г. Алматы
[2]Сатбаев Университет, КазНИИТУ имени К.И. Сатпаева, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: naili_82@mail.ru

Экологическое состояние водно-болотных угодий дельты реки Иле

В статье приведены результаты исследований по многолетней динамике водно-болотных угодий дельты реки Иле.

Деградация окружающей среды водно-болотных угодий в дельте реки Иле в настоящее время является важной экологической проблемой. Вследствие снижения воды реки Иле, засухи и антропогенной деятельности в регионе в прошлом веке, особенно в последние пять десятилетий, произошла деградация водно-болотных угодий. Результаты исследования показывают, что изменения в водно-болотных угодьях охватывают всю площадь дельты, т. е. уменьшение поверхностных вод и, следовательно, исчезновение водно-болотных угодий и увеличение площади суходолов.

Учитывая, что дельта реки Иле занимает большую территорию, в ходе исследования широко использовались методы дистанционного зондирования, а также результаты ранее проведенных научных исследований в данном регионе. В качестве данных мы использовали результаты ранее исследований, выполненных методом дешифрирования аэрофотоснимков изучаемой территории с 1958 по 1975 годы. С 1985 по 2015 год использовались данные космического спутника Landsat. Кроме того, в целях определения точности данных, полученных из космических снимков, на территории исследования был проведен комплекс полевых работ на местности.

Космические снимки дельты реки Или, снятые в последние годы, позволили сделать вывод, что в изменившихся гидрологических условиях даже головная часть современной дельты уже не обводняется ранней весной. Следовательно, дальнейшие изменения экологической ситуации в современной дельте теперь полностью зависят лишь от регулируемых попусков речной воды в дельту.

Ключевые слова: геоинформационные системы, аэрофотосъемка, дешифрирование, космическая съемка, водно-болотные угодья, поверхностные воды, дельта реки, экосистемы, экология.

Кіріспе

Сулы-батпақты алқаптар шөлді аймақ үшін ерекше құндылық пен бірегейлікті білдіреді. Шөлді аймақта сулы-батпақты экожүйелердің қалыптасуы су ресурстарымен шектелген, судың көп мөлшерімен үнемі қоректенуді қажет ететін тұрақсыз және сирек кездесетін құбылыс (Стародубцев В.М., Бурлибаев М.Ж., 2003).

Ең үлкен экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мәселелер әлемнің аридті аймақтарының атырауларында тез ушығады. Бұл өзен ағынын реттеуге байланысты көптеген миллион гектар алқаптағы ландшафттардың құрғап, шөлге айналуы процесі (Starodubtsev V.M., Truskavetskiy S.R., 2011).

Өзен алабындағы өзендердің ағынын реттеуге және шаруашылық әрекеттерге байланысты бірегей атыраулық ландшафттардың өзгеруі (көбіне дағдарысы) бүкіл әлемде өте маңызды және өзекті мәселеге айналуда. Өткен ғасырдың екінші жартысында-ақ мыңдаған жылдар бойы өркениеттің бесігі болған шөлді және жартылай шөлді аймақтардағы көптеген атыраулар гидротехникалық құрылыстың және шаруашылықта су тұтыну үшін су ресурстарын шамадан тыс пайдалану әсерінен биоәртүрлілігі мен өнімділігін жоғалта бастады. (Kezer K., Matsuyama H. 2006; Starodubtsev V.M., Truskavetskiy S.R., 2011; және т.б.). Ең қиын жағдайларда бай табиғат орнында тұзды немесе құмды шөлдер пайда болды, көптеген атыраулардағы табиғи әлеует айтарлықтай өзгеріске ұшырады (Колорадо, Инд, Тарим, Хуанхэ өзені, Сырдария, Амудария, Шу, Іле және т.б.). Сонымен қатар, бұл атыраулар бай флора мен фауна шоғырланған, баға жетпес сулы-батпақты алқаптар ретінде қызмет етеді. Айтылған аумақтардың айқын мысалдарының бірі қарастырылып отырған – Іле өзенінің атырауы (1-сурет).

Іле өзені атырауы Орталық Азиядағы маңызды және бірегей экожүйе болып табылады. Атырау Балқаш көлімен гидравликалық байланыста және қуаңшылық жылдары су қорының бір бөлігін көлге бере отырып, суы мол жылдары су қорын сақтайтын, экожүйеде экологиялық тепе-теңдікті ұстап тұратын табиғи реттеуші жүйе (Достай Ж.Д., 2009).

Іле өзенінің атырауының сулы-батпақты алқаптары халықаралық маңызы бар, суда жүзетін

құстар мен жыл құстарының ұя салатын мекені ретінде Рамсар тізіміне енген (Petr T., Mitrofanov V.P., 1998). Зерттеліп отырған аумақтың табиғи-аумақтық кешендері, өсімдіктер мен жануарлар әлемі жоғары биологиялық әртүрлілігімен ерекшеленеді, Қызыл кітапқа енгізілген, реликті және эндемикалық түрлердің едәуір санын қамтиды (Thevs N., Beckmann V., 2017).

Қапшағай бөгені салынғаннан (1970) кейінгі жылдары, Қазақстан аумағында, сондай-ақ Қытай жерінде су тұтынудың күрт өсуіне және су қоймаларын салуға байланысты, алаптағы басты су көзі болып табылатын Іле өзені суының азаюынан атырауға келетін су мөлшерінің бірден төмендеуі (шамамен 110 $м^3/с$) (Достай Ж.Д., 2009), атыраудың табиғи жағдайының нашарлауына әкелді, аймақта құрғақтану белгілері байқалып, шаруашылық әлеуетінің төмендеуіне ықпал етті.

Іле өзені атырауында орын алған экологиялық дағдарысты ескере отырып, атырау бетінің жағымсыз өзгеру себептерін талдау, яғни атыраудағы сулы жерлердің, өсімдіктер жамылғысының, сулы-батпақты жерлер мен сорланған аумақтардың өзгеру динамикасын бағалау жұмыстың негізгі мақсаты болып табылады. Мұндай зерттеулер қазіргі кезеңде және болашақта өзен атырауының табиғи кешенін сақтаудың критерийлерін жасау үшін аса маңызды.

Зерттеу мәліметтері және әдістері

Зерттеу мәліметтері ретінде 1958 жылдан 1984 жылға дейінгі аэрофотосуреттерді дешифрлеу әдісі бойынша жүргізілген зерттеулердің нәтижелері пайдаланылды (Сумаркова В. В., Цыценко К. В., 1992). 1985 жылдан қазіргі уақытқа дейін Landsat ғарыштық спутнигінің мәліметтері бойынша анықталды.

Негізгі зерттеу мәліметтері ретінде АҚШ-тың Геологиялық қызметінің Landsat TM ғарыштық аппаратының Қазақстан аумағы бойынша барлау деректері алынды (кеңістіктегі дәлдігі 30 метр пиксель. Түсірілім режимі RGB). Landsat бағдарламасы жер бетін бақылаудың ең ұзақ және үздіксіз ғарыштық мәліметтерін ұсынады (USGS 2013A). Деректер 1970 жылдардан бастап ақысыз қол жетімді, оның ішінде MSS, TM және ETM +сенсорлары бар (http: // earthexplorer. Usgs.gov).

Бұл аппараттардан алынатын мәліметтер әлемде сулы-батпақты жерлер мен атыраулық экожүйелерді зерттеуде кеңінен қолданылады (Propastin P.A., Kappas M., 2007). Атырауды зерттеу барысында қолданылған ғарыштық түсірілімдер үшін уақыт кезеңдері әрбір 5 жыл сайын (1975, 1979, 1984, 1995, 2000, 2005, 2015 жылдар кезеңі) таңдалынып, соңғы 50 жыл аралығында Іле атырауындағы өзгерістерді талдауға негізделген. Спутниктік суреттерді таңдау кезінде барлық стандартты сапа критерийлері (минималды бұлттылық, суреттің анықтығы және зерттелетін аймақтың толық қамтуы) сақталды.

Ғарыштық суреттерді дешифрлеу кезінде атырау ландшафтарының келесі түрлері бөлінді:

– ашық су беті (өзендер, көлдер, салалар);

– ылғал сүйгіш өсімдіктер (қамыстар, шалғынды шөптер);

– ағашты-бұталы өсімдіктер, өзен бойын бойлай өскен тоғайлар;

– шөлейт жерлер, өзіне тән өсімдік дүниесі, тізбек құмдары мен сортаң жерлері бар;


– батпақты жерлер;

– сорлар.


Ғарыштық суреттерді дешифрлеу үшін келесі тәсілдер қолданылды: көзбен шолу арқылы, далалық дешифрлеу, камералды, компьютерлік өңдеу және жинақтап қорыту. Соңғы сатыда далалық және камералдық әдістерді біріктіру арқылы ғарыштық суреттер нәтижелерінің дәлдігін бағалау жүргізілді.

Ғарыштық түсірілімдерді компьютерлік тәсілмен өңдеу – жердің қашықтықтан барлау мәліметтерін толық функционалды өңдеуде, талдауда жақсы нәтиже көрсеткен арнайы ENVI 4.7 кәсіби бағдарламасы арқылы жүзеге асты. ENVI дешифрлеу нәтижелерін векторлаудың және карта дайындау мақсатында ұсынылған ГИС бағдарламасының кең таралған форматы ArcInfo (ArcMap) модуліне ауыстырудың барлық режимін қарастырады.

Ғарыштық ақпараттардың геоақпараттық технологиясы, базалық мәліметтерді жөндеу, аудандарды есептеу, карталарды тұтастыру және басып шығару ArcGIS 10.6. бағдарламасы арқылы жүзеге асырылды, географиялық байлау, визуалды талдау, алғашқы және тақырыптық өңдеу ENVI (Environment for Visualizing Images – суреттерді бейнелеу кеңістігі) бағдарламасының базалық кешенінде жүргізілді.



1-сурет – Landsat ғарыштық аппаратымен түсірілген зерттеу аймағы




2-сурет – Іле өзенінің атырауындағы негізгі ландшафт түрлерінің өзгеру динамикасы

Зерттеу нәтижелерін талдау

Аэрофототүсірілімдерді талдау 1956-1984 жылдар аралығындағы кезеңде сулы жерлер ауданы 1003 км^2-ден 354 км^2-ге дейін, яғни 3 есе азайғанын көрсетті. Жартылай суға батқан өсімдіктердің ауданы 1200-ден 700 км^2-ге дейін төмендеп, сортаң жерлердің ауданы бірден 250-ден 1200 км^2-ге дейін ұлғайған. (Соколова А.А., 1989, Сумаркова В.В., 1992). 1981 жылдан кейін атыраудың сулы-батпақты алқаптарының динамикасы олардың азаюымен сипатталады (820 км^2 дейін), бұл атырау қорының сарқылуын және оның аумағының құрғақтану тенденцияларының жоғарылауын көрсетеді. Атырауда құрғауы нәтижесінде сулы-батпақты алқаптар біртіндеп келесі кезеңге, яғни сортаң жерлерге ауыса бастады. Әсіресе Топар – Іле өзені арлығындағы көлдер жүйесі қатты дағдарысқа ұшырады.

Мұндай жағдай ең сулы аймақ саналатын Иір тармағында да орын алды. 1981 жылға қарай солтүстік жағалау бөлікте, Сарытұмсық ауданы маңында көлдер жүйесі мүлде жойылды (Сумаркова В.В., 1992, Достай Ж.Д., 2009; Кудекова Т.К., 2002). 1981 жылға дейін құрғақ жерлердің ауданы 300-500 км^2 шамасында болса, ал 1984 жылдары олардың ауқымы 1200 км^2 дейін ұлғайды.



3-сурет – 1958-2015 жылдар кезеңіндегі Іле өзені атырау ландшафтының өзгеру динамикасы

1981-1984 жылдар аралығында 800 км^2-ге жуық сулы-батпақты жерлер едәуір құрғады. Сулы-батпақты жерлердің құрғауы сортаң жерлердің көлеміне бірден әсер етті, ал 1981-1984 жылдар аралығында олардың ауданы күрт өсті. Өсім 800 км^2 құрады, яғни 1981-1984 жж. Іле өзенінің атырауында батпақты қамыс қауымдастықтары құрғақ аумақтың қамысты қауымдастығына толығымен алмастырылды (Плисак Р.П., 1981, Джаналиева Г. М., 1992).

Суқойма салынғаннан кейінгі кезеңде атыраудың құрғау үрдісінде екі кезең анық байқалады:

Бірінші кезең – 1970-1981 жылдар аралығында болған суқоймалардың шөп басуы, жартылай суға батқан өсімдіктердің батпақты жерлердің өсімдіктер дүниесіне айналуы.

Екінші кезең – 1982 жылы басталған батпақты жерлердің құрғақ аңғарларға ауысуы.

1984-1990 жылдар аралығында атыраудағы сулы жерлердің ауданы 153 км^3 құрады, яғни 1985-1990 жылдар аралығында атыраудағы су көлемі екі есеге азайды. Осыған қарамастан, осы жылдары өсімдік жамылғысында ерекше үлкен өзгерістер байқалмады. Сулы-батпақты алқаптардың ауданы 4 есеге азайып, толығымен дерлік құрғақ алқаптарға айналды.

Аз уақыт бұрын ғана теңдессіз өсімдік-жануарлар дүниесінің байлығымен, балық шаруашылығымен, жайлымды жерлерімен ерекшеленген атырау аумағының құрғауы табиғи кешеннің терең экологиялық бұзылуымен жалғасты (Соколова А.А., 1989, Propastin, P.A., Kappas, M., 2007). Қазіргі Іле өзені атырауындағы экологиялық жағдай соңғы жылдары да ушыға түсті.

Қазіргі атырау элементтерінің 1990-2015 жылдар кезеңіндегі өзгеру динамикасын талдау нәтижесі бойынша сулы жерлер ауданы 1990 жылы 153 км^2-ге төмендегенін байқауға болады, бірақ 2011 жылы сулы жерлер көлеміне қайтадан 200 км^2 артқанын байқаймыз. Өсімдіктер жамылғысының ауданы де осыған сәйкес өзгеріп отырған, яғни 1990 жылдан 2000 жылға дейін өсімдіктер аумағы біршама ұлғайған, 2005 жылы өсімдік жамылғысының ең аз аумақты (1050 км^2) қамтығанын көрсетеді. 2000 жылдарда шөлге айналу үрдісі көбінесе Іле өзені мен Топар тармағының аралық бөлігінде (қазіргі атыраудың оңтүстік-батыс қанаты), Іле арнасының бойымен, әсіресе орталық бөлігінде және сағасында, сонымен қатар атыраудың ең шығыс бөлігінде (Арыстан және Кетпенқалды тармақтары аймағында) айқын көрініс береді. Сулы өсімдіктер кешені (батпақты және шалғынды-батпақты) мен көлдер жиынтығы атыраудың солтүстік-шығыс қанатында, Іле өзенінің негізгі ағыны өтетін Жиделі-Қоғалы-Иір тармақтар жүйесін бойлай таралған. 2005 жылдарға қарай құрғақтану үрдісі жалғаса берді, 2008 жылы алғаш рет бұл үрдіс Іле өзені арнасын бойлай бүкіл аймақты қамтыды, сондықтан қазіргі атырау аумағы әртүрлі көлемдегі екі бөлікке бөлінді.

2010-2015 жылдары сулы жерлер көлемінің ұлғаюына қарамастан және атырау кеңістігінде өсімдік жамылғысы мен сулы-батпақты жерлер азаюы орын алды.

2010 жылы сулылығы бойынша соңғы 50 жылда рекордтық көрсеткішке ие болды. Сулы жерлер көлемінің 200 км^2-ге, ал өсімдік жамылғысының ауданы 1441 км^2-ге дейін

айтарлықтай өсуіне әкелді. Сулы-батпақты жерлердің ауданы үшін де ұлғаю тенденциясы орын алды. Сортаң жерлердің ауданы, керісінше, 401-ден 265,4 км^2-ге дейін азаяды. Бұл жағдай Балқаш көлі деңгейінің жоғары болуымен және атырауда су ағынының азаюымен байланысты болуы мүмкін, өйткені осы жылдар ішінде Балқаш көлінің деңгейі жоғары көрсеткішке жетті (Propastin, P.A., 2007; Propastin P., 2012).

Жоғарыда келтірілген нәтижелер көрсеткеніндей, өсімдіктер жамылғысының ауданы зерттеліп отырған аймақтың өзгеру динамикасын талдауда маңызды критерий болып табылмайды. Зерттеу жүргізілген уақыт кезеңінде өсімдіктер ауданы айтарлықтай өзгермейді, бірақ көпжылдық ылғал жеткіліксіздігі, нәтижесінде ылғал сүйгіш өсімдіктер дүниесінен құрғақ аймаққа тән өсімдіктер дүниесіне айналу үрдісі жүргенін байқауға болады.

2014 жылдан бастап Қазақстан-Қытай шекарасындағы Іле өзенінің ағыны 291 м^3/сек-тен 90 м^3/сек-ке дейін күрт қысқарды. Бұл ретте Қапшағай су қоймасындағы су деңгейі 113 см-ге төмендеді (Thevs N., Beckmann V., 2017), жүз жылдан астам уақыт бойы аспаптық гидрологиялық бақылау үшін Іле суының мұндай қысқаруы болған жоқ.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, 1958-2015 жылдары көпжылдық кезеңде Іле өзені атырауы шұғыл өзгерістерге ұшыраған. Сулы аймақтар мен батпақты жерлердің көлемі қысқарды, олардың орнын құрғақ аңғарлар мен сортаң жерлер басты. Мұндай өзгерістер, бір жағынан Қапшағай суқоймасының салынуымен және Балқаш көлі деңгейінің өзгеруімен байланысты болса, екінші жағынан аумақтың сулылық деңгейінің көпжылдық өзгеру ерекшеліктерімен де байланысты. Белгілі болғанындай, 1973-1974 жылдардан 1986-1987 жылдар аралығында еліміздің оңтүстік шығыс аумағында, яғни Іле өзенінің басты су жинау аймағында аз сулы кезең байқалған (Достай Ж.Д., 2009).

1990 жылдардың ортасынан басталып, қазіргі кезге дейін кезекпе-кезек жалғасып келе жатқан мол сулы кезең атыраудағы жалпы жағдайға мәнді ықпалын тигізбеді. Бірақ, Балқаш көлінің деңгейі ең төменгі деңгейінен өтіп, біршама тұрақты жағдайға жетті.

Қорытынды

Атырау беті өте белсенді табиғи жүйеге жатады. Мұнда алапта болып жатқан барлық құбылыстар мен үрдістер, өткізіліп жатқан кез келген шаралар өз әсерін тигізбей қоймайды. Биологиялық алуантүрліліктің ошағы болып табылатын сулы-батпақты алқаптар қазіргі жағдайда үлкен антропогендік қысымға ұшырауда. Гидрологиялық режимнің өзгеруі Іле атырауының дағдарысына алып келді, соның нәтижесінде сулы-батпақты алқаптар мен тоғайлы ормандар – құстар мен аңдардың мекендеу аймақтары қысқарды. Қазіргі жағдайда Іле өзенінің атырауында 16 ірі көл жүйесі құрғап, табиғи атыраулық су айдындарының шаруашылық маңызы 70%-ға төмендетті (4-5 көл жүйесі суландырылды). Қоғалы тармағының бойында орналасқан жалпы ауданы 37 мың га болатын Ақөзек, Байменей, Бесағаш, Иір-Майтан, Мыңқарман көл жүйелері сақталған.

Жүргізілген жұмыстар нәтижелерін талдай отырып және ертеректе жүргізілген зерттеулер қорытындыларымен салыстыра отырып байқайтынымыз, Іле өзені атырауында қарқынды шаруашылық әрекеттері басталуымен қатар экожүйенің табиғи тәртібінің бұзылуымен қоса Балқаш көлінің гидрологиялық режимі де өзгеріске ұшырады. Қапшағай суқоймасы салынғаннан кейін басталған атырау ландшафтарының құрғақтану үрдісі 40 жыл бойына жалғасып келеді. Сулы жерлер мөлшерінің азаюымен байланысты Балқаш көлінің деңгейі бірден төмендеп кетті, 16 көл жүйесінен тек 5-уі ғана қалды. Соңғы кезде Балқаш көлінің және жалпы Іле алабында беткі сулардың азаюына ҚХР аумағында суды пайдалану көлемінің өсуі және климаттың антропогендік өзгеруі әсерін тигізіп отыр.

Іле өзені атырауының соңғы жылдардағы ғарыштық түсірілімдеріне қарай отырып атыраудың негізгі бөлігінің ерте көктемде табиғи жолмен суланбайтынын көреміз, соған сәйкес қазіргі атыраудың болашақтағы экологиялық жағдайы толығымен өзен суын реттеп жіберуге тікелей байланысты болмақ, яғни өзен атырауының экожүйесін сақтау және жақсарту мақсатында Іле өзенінің табиғи гидрологиялық режимін қалпына келтіру шараларын ұйымдастыру керек.

АЛҒЫС

Бұл жұмыс 0851/ГФ4 «Іле өзені атырауының сулы-батпақ экожүйесін сақтау және оның ресурстық әлеуетін көтерудің гидрологиялық негіздері» ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру жобасының аясында орындалды.

Әдебиеттер

Достай Ж.Д. Управление гидроэкосистемой бассейна озера Балкаш. – Алматы, 2009. – 236 с.

Кудекова Т.К. Современное экологическое состояние бессейна озера Балкаш. – Алматы: «Каганат», 2002. – 388 с.

Dostaj Zh.D., Giese E., etc. (2006) Water resources and their use in the Ili-Balkhash basin; Center for International Development and Environmental Research of Justus Liebig University. No 70, pp. 20-29.

Gudina L. F., Henrik Meilby, etc. (2014) Automated Water Extraction Index: A new technique for surface water mapping using Landsat imagery. Remote Sensing of Environment. No 140, pp. 23-35.

Стародубцев В.М., Бурлибаев М.Ж., Попов Ю.М. Деградация почвенного покрова дельты реки Или в связи с регулированием речного стока // Проблемы освоения пустынь. – 2003. – №2. – С. 25-29.

Starodubtsev V.M., Truskavetskiy S.R. (2011) Desertification processes in the Ili River delta under anthropogenic pressure. Water Resour, no 38, 253–256. [CrossRef]

Соколова А.А. Гидрологические и водохозяйственные аспекты Или-Балкашской проблемы. – Л.: Гидрометеоиздат, 1989. – 311 с

Kezer K., Matsuyama H., etc. (2006). Decrease of river runoff in the Lake Balkkhash basin in Central Asia. Hydrological Processes, no 20: pp.1407-1423.

Джаналиева Г.М. Ландшафты современной дельты реки Или / Г.М. Джаналиева, В.П. Богачев. – Алма-Ата, 1992. – 178 с.

Плисак Р.П. Изменение растительности дельты реки Или при зарегулировании стока. – Алма-Ата: Наука, 1981. – 218 с.

Petr T., Mitrofanov V.P. (1998) The impact on fish stocks of river regulation in Central Asia and Kazakhstan. Lakes and Reservoirs: Research and Management, 3, pp.143-164.

Propastin P. (2012) Multi-sensor monitoring system for assessment of locust risk in the Lake Balkhash drainage basin. Environmental Management, 50(5), pp.1234-1246.

Propastin P. A., Kappas M., etc. (2007) Change detection of the Ili delta in the Seven-Stream Land using multi-temporal remote sensing data. In: Kappas, M., Kleinn, C. & Sloboda, B. (Eds.). Global change issues in developing and emerging countries. Proceedings of the 2nd International Conference “Goettingen GIS & Remote Sensing Days”. – PP. 3-5.

Сумаркова В. В. Аэрокосмические исследования и водный баланс дельты реки Или / В. В. Сумаркова, К.В. Цыценко, О. В. Подольный. – СПб.: Гидрометеоиздат, 1992. – 160 с.

Thevs N., Beckmann V., etc. (2017) Assessment of ecosystem services of the wetlands in the Ile River delta, Kazakhstan. Environ. Earth Sci. 18, 8-12. [CrossRef].

References

Dostay, Zh.D. (2009). Upravleniye agroekosistemoy basseyna ozera Balkhash [Management of the hydro-ecosystem of the basin of Lake Balkash]. Almaty, 360 p. (In Russian).

Kudekov T.K. (2002) Sovremennoye ekologicheskoye sostoyaniye basseyna ozera Balkhash [The current ecological state of the Balkhash lake basin]. Almaty: «Kaganat», 388 p. (In Russian).

Dostaj Zh.D., Giese E., etc. (2006) Water resources and their use in the Ili-Balkhash basin; Center for International Development and Environmental Research of Justus Liebig University. No 70, pp. 20-29.

Gudina L. F., Henrik Meilby, etc. (2014) Automated Water Extraction Index: A new technique for surface water mapping using Landsat imagery. Remote Sensing of Environment. No 140. pp. 23-35.

Starodubtsev V.M., Burlibaev M.Zh., etc. (2003) Degradatsiya pochvennogo pokrova del’ty reki Ili v svyazi s regulirovaniyem rechnogo stoka [Soil Degradation in the Ily Delta Caused by the River Runoff Regulation]. In: Problems of Desert Development, no 2, pp. 25-29.

Starodubtsev V.M., Truskavetskiy S.R. (2011) Desertification processes in the Ili River delta under anthropogenic pressure. Water Resour, 38, 253–256. [CrossRef]

Sokolov, A.A. (1989). Gidrologicheskiye i vodokhozyaystvennyye aspekty Ili-Balkashskoy problemy [Hydrological and water management aspects of the Ili-Balkhash problem]. Hydrometeoizdat, Leningrad, USSR, 311 p. (In Russian).

Kezer K., Matsuyama H. (2006) Decrease of river runoff in the Lake Balkkhash basin in Central Asia. Hydrological Processes, no 20, pp.1407-1423.

Janalieva, G.M., Bogachev, V.P. (1992). Landshafty sovremennoy del’ty reki Ili [Landscapes of the present delta of the Ili River]. Alma-Ata: -178 p. (In Russian)

Plisak R.P. (1981) Izmeneniye rastitel’nosti del’ty reki Ili pri zaregulirovanii stoka [Changes in the vegetation of the Ili river delta due to flow regulation]. - Alma-Ata: Nauka, - 218 p. (In Russian).

Petr T., Mitrofanov V.P. (1998) The impact on fish stocks of river regulation in Central Asia and Kazakhstan. Lakes and Reservoirs: Research and Management, no 3, pp.143-164.

Propastin P. (2012) Multi-sensor monitoring system for assessment of locust risk in the Lake Balkhash drainage basin. Environmental Management, no 50(5): pp.1234-1246.

Propastin P. A., Kappas M., etc. (2007) Change detection of the Ili delta in the Seven-Stream Land using multi-temporal remote sensing data. In: Kappas, M., Kleinn, C. & Sloboda, B. (Eds.). Global change issues in developing and emerging countries. Proceedings of the 2nd International Conference “Goettingen GIS & Remote Sensing Days”. pp.3-5.

Sumarkova, V.V., Tsytsenko, etc. (1992) Aerokosmicheskiye issledovaniya i vodnyy balans del’ty reki Ili [Aerospace research and water balance of the Ili river delta]. Hydrometeoizdat, 160 p (In Russian).

Thevs N., Beckmann V., etc. (2017) Assessment of ecosystem services of the wetlands in the Ile River delta, Kazakhstan. Environ. Earth Sci. 18, 8-12. [CrossRef].

ХРОНИКА

CHRONICLE

ХРОНИКА

ПОЗДРАВЛЕНИЯ С ЮБИЛЕЕМ



20 декабря 2020 года исполняется 70 лет Председателю Правления АО «Институт географии и водной безопасности» академику Национальной академии наук Республики Казахстан Ахметкалу Рахметуллаевичу Медеу

УВАЖАЕМЫЙ АХМЕТКАЛ РАХМЕТУЛЛАЕВИЧ!!!

Коллектив факультета географии и природопользования КазНУ им. аль-Фараби и редколлегия журнала сердечно поздравляют Вас с Юбилеем! К этому юбилею Вы пришли с огромным багажом достижений и получили заслуженные признания: Заслуженный деятель Республики Казахстан, Академик Национальной академии Республики Казахстан, дважды лауреат Государственной премии Республики Казахстан в области науки и техники (2013, 2019 гг.) и многое другое.


Всю свою сознательную жизнь Вы посвятили географической науке. Свою деятельность Вы начинали с научного сотрудника, прошли все этапы карьерного роста. Научные изыскания, проводимые Вами и под Вашим руководством, имеют широкий спектр, но главное в них – прикладной характер исследований, нацеленные на решение важных народно-хозяйственных задач. Это фундаментальные исследования в области геоморфологии, неотектоники, опасных геодинамических процессов, актуальные проблемы водной безопасности. Своеобразным признанием высоких научных достижений Института географии стала встреча с президентом РК К.-Ж.К. Токаевым и обсуждение на высшем уровне современных проблем в сфере природопользования и национальной водной безопасности. Хочется особо отметить Ваш талант организатора, руководителя. За время Вашего руководства ТОО «Институт географии» был преобразован в АО «Институт географии и водной безопасности», расширились сферы научных направлений, открыты новые лаборатории. Думается, что все достижения стали возможными благодаря вашей неутомимой энергии, целеустремленности, дальновидности и преданности науке. Долгих лет жизни Вам, Ахметкал Рахметуллаевич, дальнейших творческих успехов, счастья и благополучия Вам и Вашей семье!!!

«ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМЫ» АТТЫ Х ЖАНДАЕВ ОҚУЛАРЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті География және табиғатты пайдалану факультеті мен Картография және геоинформатика кафедрасының ұйымдастыруымен 11-12 желтоқсан күндері “Қазіргі әлемдегі Қазақстанның географиялық ғылымы” атты Х Жандаев оқулары” халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы оффлайн және онлайн форматта болып өтті.



Конференция «География және су қауіпсіздігі институтының» қызметкерлері, География және табиғатты пайдалану факультетінің деканы, профессор В.Г. Сальников, География факультеті кафедраларының меңгерушілері, ғалым М. Жандаевтың жары, профессор Назира Бадретдинқызы Ахматуллина, Мичиган технологиялық университетінің профессоры Евгений Левин (АҚШ), ТМД елдерінен қатысушылар, сонымен қатар кафедра профессорлары мен оқытушыларының қатысуымен жоғары дәрежеде өткізілді. Конференция факультет деканы В. Сальниковтың алғы сөзінен бастау алып, ғалым Мұқатай Жандаевтың жары Назира Бадретдинқызының және профессор Л. Веселованың ғалым туралы бөліскен естеліктерімен жалғасты. Мичиган технологиялық университетінің профессоры Евгений Левиннің (АҚШ) және өзге де алыс-жақын шетелдік ғалымдардың баяндамалары тыңдалды. Конференцияға 100-ден астам оқытушы-профессорлар, студенттер мен магистранттар, жас ғалымдар қатысты. Биылғы жылғы «Жандаев оқуларына» қатысқан магистранттар мен жас ғалымдар өте белсенді болды.





Халықаралық конференция 6 бағыт бойынша жүргізілді. Жұмыстар келесі бағыттар бойынша ұсынылып, талқыланды:

– Мемлекеттік және трансшекаралық ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қазіргі мәселелері (ЕҚТА);

– Табиғатты пайдаланудың ғаламдық және аймақтық мәселелері;

– Қазақстандағы экологиялық туризм – дамыту, орналастыру, зерттеу принциптері;

– Қазақстанды цифрландыру – мазмұны, проблемалары, жетістіктері мен болашағы;

– Картографиялық бақылаудың геожүйелердің тұрақты даму проблемасын шешуде мазмұны мен рөлі;

– Қазақстан Республикасы аумағындағы геодезиялық желілердің қазіргі жағдайы және оларды жаңғырту мәселелері.

Қатысушылар осы аталған тақырыптар бойынша өз жұмыстарын қорғап, талқыға салды. Бүгінде Кеңестік және Қазақстандық ғалым-геоморфолог, география ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері болған М.Ж. Жандаевтың құрметіне 2000 жылдан бастау алған «Жандаев оқуларына» он жыл толып отыр.

Осындай атаулы жылы өткізілген бұл игі іс-шараның ғылым жолында жүрген әрбір ізденісті жан үшін берер қазыназы биік жоба болды. Халықаралық деңгейдегі байқау жоғары дәрежеде өткізіліп, қатысушылардың өз пікірлерін ортаға салып, жан-жақты талқылауының аясында ашық пікірге ие болды.

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ CONTENTS

1-бөлім Физикалық, экономикалық және әлеуметтік география | **Section 1 Physical, economic and social geography** | **Раздел 1 Картография и геоинформатика**

Тажекова А.Ж., Тоқбергенова А.А., Зұлпыхаров Қ.Б.
Түркістан облысының ауыл шаруашылық жерлерінің сапалық жағдайы және тиімді пайдалану мәселелері 4

Смочко Н.
Современные концепции формирования систем размещения населения территориальных систем моноразвития 18

2-бөлім Метеорология және гидрология | **Section 2 Meteorology and hydrology** | **Раздел 2 Метеорология и гидрология**

Мунайтпасова А.Н., Дапен І.Е.
Қазақстандағы стратосфералық озонның таралу ерекшеліктері 30

3-бөлім Рекреациялық география және туризм | **Section 3 Recreation geography and tourism** | **Раздел 3 Рекреационная география и туризм**

Sergeyeva A.M., Omirzakova M.Zh.
Integrated assessment of the tourist-recreational potential in the Aktobe oblast 44

4-бөлім Геоэкология | **Section 4 Geoecology** | **Раздел 4 Геоэкология**

Маханова Н.Б., Берденов Ж.Г., Абильдинов К.К., Мендыбаев Е.Х.
Оценка эрозии почв по модели «Rusle» бассейна реки Жыланды 56

Әлімқұлов С.Қ., Молдаханова Н.Е.
Іле өзені атырауының сулы-батпақты алқаптарының экологиялық жағдайы 70

Хроника | **Chronicle** | **Хроника**

Поздравления с юбилеем 78

«Қазіргі әлемдегі Қазақстанның географиялық ғылымы» атты Х Жандаев оқулары халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция 79